



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ү К І М

2024 жылғы 22 мамыр №4358-24-00-1/109 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда қаласының №2 соты құрамында:

төрағалық етуші судья К.Еспенбетова,

сот отырысының хатшысы Ә.Жылкелді болып,

мемлекеттік айыптаушылар А.Есниязовтың, А.Сматовтың,

жәбірленушілер М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Б.Мырзабек, Б.Молдахожаева,

Г.Акбаева, А.Есмаганбетов, Н.Қапашов, Г.Шайманова, Д.Төкен,

Б.Жайбергенова, А.Әнуарбек, А.Асылбекұлы, А.Қарабеков,

Э.Есмаганбетова, А.Балабаева, Р.Сарузенова, Ш.Жүнісбеков, Н.Сарман,

А.Даутбаева, А.Шахаева, М.Алимбетова, А.Серикбаева, Д.Жұмабаев,

Р.Атымтаева, М.Жумабаеваның,

сотталушы А.О.Пірмаханованың,

адвокат-қорғаушылар М.Даубалаевтың, Қ.Қабылбековтың, қорғаушысы

А.Балтабайдың қатысуларымен, ашық сот отырысында қылмыстық істі

жалпы тәртіппен аудио-, бейнебайланыс арқылы қарады, ол бойынша:

Пірмаханова Аягөз Оразайханқызы, 22.01.1992 жылы Қызылорда қаласында

дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматшасы, жоғары білімді,

ажырасқан, тұрғылықты жері: Қызылорда қаласы, Лапин көшесі №42/1 үй

тұрғыны, бұрын сотты болмаған, «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау

шарасы қолданылған, айыптау актісінің көшірмесін алған, Қазақстан

Республикасының Қылмыстық кодексінің 217-бабы 3-бөлігінің 2)-

тармағымен айыпталып, сотқа берілді.

### СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотталушы А.Пірмаханова, өзінің қылмыстық әрекеттерінің құқықтық

салдарын нақты біле тұра, тікелей қылмыстық пиғылмен, Қызылорда қаласы

және облысының аумағында «Chia Tai Pharmaceutical» (немесе «Chia Tai

Tianqing») қаржылық пирамидасының (ары қарай - ҚП) құрылымдық

бөлімшесіне басшылық жасап, 2022 жылдың қараша айының тергеумен

анықталмаған күнімен 2023 жылдың 17 сәуір күні аралығында, Қытай Халық

Республикасында фармацевтикалық препараттар мен медициналық

құрылғыларды өндіріп, оларды шетелге экспорттаумен айналысатын

фармацевтикалық зауыттың қызметіне, қосымша зауыттардың құрылысына

және биологиялық белсенді қоспаларды жетілдіруге бағытталған заңды

инвестициялау кейпімен салымшылардың қаражаттарын заңсыз тартып,



оларды қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы пирамида жұмысын инвестициялық мекеме кейпімен бүркемелеп, қаржылық пирамиданың ұйымдастырушыларына салымдардың басым бөлігін иеленуге көмек беру түрінде ауыр санаттағы экономикалық қызмет саласындағы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты келесі жағдайда қасақана ниетпен жасаған. Тергеу барысында ұйымдастырушылар ретінде өздерін әлеуметтік желілерде Ян Минг (Yan Ming) есімімен таныстырған сотқа дейінгі тергеу барысында жеке басы анықталмаған азаматпен «Whatsapp» әлеуметтік желісі арқылы танысқан.

Ян Минг (Yan Ming), қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құрып, оның қызметін ұйымдастыру арқылы азаматтардың қаражаттарын тартып, кейін оның басым бөлігін иемденіп алу мақсатында, «WeChat», «Whatsapp», «Telegram» және басқа да әлеуметтік желілер арқылы ҚР-ның аумағында әрқайсысы өз бетінен бастамашылық жасап, қаржылық пирамидаға белсенді қатысушы болуға бейім адамдарды іздеп, олардың арасынан әрқайсысының психикалық портретін зерттеу арқылы іріктеу жүргізіп, Агент немесе ҚП-ның құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі болуға ұсыныс білдірген. Кейін, оның келісімін алған соң, ҚР-ның республикалық маңызы бар қалалар мен облыс тұрғындарының арасында қаржылық пирамидаға салымшы болуды насихаттауға, оларды ҚП-ның платформасына тіркеу жүргізуге, белсенді салымшылардың қатысуымен жиындар мен отырыстар ұйымдастыруға, тартылған салымшыларға өздерінің артынан жаңа салымшыларды тартуды үгіттеуге нұсқау беріп, қызметтері үшін тұрақты түрде ақшалай ынталандыруды жүзеге асырып отырған. Агенттер - қаржылық пирамида салымшыларының арасынан ұйымдастырушылардың бірімен қызметке тартылған адамдар тобы. Агенттердің басым көпшілігі өзінің қаражаттарын ұзақ мерзімге инвестициялаған салымшылар арасынан таңдалған. Олардың қызметіне:

- өзінің атына «Жусан Банк», «БЦК», «Форте Банк», «Қазақстан Халық Банкі», «Еуразиялық Банк», «Банк Центр Кредит», «Алтын Банк» екінші дәрежелі банктерінен (ары қарай - ЕДБ) шоттар мен «Binance» цифрлық активтер биржасынан криптоәмиандар ашып, олардың реквизиттерін Модераторға табыстау;

- банктік есепшоттарына түскен қаражаттарды салымшылардың шоттары арасында қайта бөлу;

- жиналған қаражаттың басым көпшілігін «Binance» цифрлық активтер биржасындағы «p2p» онлайн сауда порталы арқылы USDT крипто валютасына айырбастап, кейін оны Модераторлардың нұсқауымен үшінші тұлғалармен ашылған криптоәмиандарға жолдау;

- қызметі жүзеге асырылған күні ақша айналымы бойынша Модераторға толықтай баяндама жасау кірген.

Агенттер өзінің шоттары арқылы ақша ағындарын қабылдап, ары қарай аударым жасағаны үшін, өзінің шотынан үшінші шотқа аударған қаражат



сомасынан 1 (бір) пайыз мөлшерінде сыйақы алып отырған. USDT - бағамы АҚШ долларына бекітілген қамтамасыз етілмеген цифрлық актив, яғни 1 USDT - 1 АҚШ долларына тең. Модератор - «Телеграм», «Whatsapp» мессенджеріндегі чаттарды басқарушы адамдар тобы. Модераторлардың қызметіне:

- жаңа салымшылардың жеке басын анықтайтын құжаттары мен аталған құжатпен қоса түскен фотосуреттерді қабылдап, жеке кабинеттер ашуға растау беру;

- агенттердің қызметін басқару, оның ішінде салымшылардан түскен қаражаттарды қабылдату;

- ескі салымшылардан түскен пайда есебінен ақшаны шығару туралы өтініштерін қабылдап, оларды Агенттерге жолдап, нұсқау беру;

- агенттердің қызметі бойынша олардан күнделікті баяндама алу;

- платформаға Агенттермен ұсынылған банкоматтық карталар нөмірін орнатып, оларды тәуліктік шектік көлеміне сәйкес алмастыру;

- ақша ағындарына сәйкес, платформада ашылған салымшылардың жеке кабинеттеріндегі теңгерімді ұдайы ұлғайтып немесе азайтып, сәйкестендіру;

- түскен қаражаттарға есеп жүргізіп, олардың басым көпшілігін Агенттерге нұсқау беру жолымен «Binance» цифрлық активтер биржасындағы «r2r» онлайн сауда порталы арқылы USDT криптовалютасына айырбастатып, үшінші криптоэмиандарға аударту кірген.

Платформа - қаржылық пирамиданың ұйымдастырушыларымен салымшылар ағынын реттеу үшін құрастырылған мобильді қосымша немесе сайт. Платформаға тіркеуді құрылымдық бөлімшенің жетекшілері үйретіп немесе өздері тіркеп отырған. Жаңа салымшылардың барлығы рефералды сілтеме арқылы тіркелген. Әр тіркелген жаңа салымшының жеке кабинетіне 2500 (екі мың бес жүз) теңге көлемінде бонус түскен. ҚП-да жаңа салымшыларды тарту бойынша тұрақты ақшалай ынталандыру жүйесі іске асырылып отырған. Мысалы, өзінің рефералды сілтемесі арқылы жаңадан тартқан әр салымшы үшін тартушы адамның жеке кабинетіне 10 000 (он мың) теңге көлемінде бонус түскен. Ал бұл тартылған салымшы, өзінің артынан жаңа салымшы тартқан уақытта, оның жеке кабинетіне 10 000 (он мың) теңге түсіп, бастапқыда тартқан бірінші адамның жеке кабинетіне 3 000 (үш мың) теңге бонус түскен. Ары қарай, салымшы платформада көрсетілген (агенттерге тиесілі) банкоматтық карталардың нөміріне аударым жасау арқылы жеке кабинетіне ақша салуды жүзеге асырып отырған. Бұдан басқа, ҚП-да белсенді қатысушыларға ВИП (VIP) деңгейлері берілген. Әр деңгейден келесі деңгейге өткені үшін ұйымдастырушылардың тарапынан сол деңгейге жетуші тұлғаға қомақты соманы жеке кабинетінің теңгеріміне қосу түріндегі ақшалай ынталандыру жүріп отырған. Салымшыларға платформа келесідей мүмкіншілік берген:

- жеке кабинеттер ашу;

- жеке кабинеттердегі салымдар сомасын бақылау;



-салымдардың үстіне қосылған пайданы/дивидендтерді тәулік бойы кедергісізқадағалау;

- өз жеке кабинетінің рефералды сілтемесін көшіріп, оларды жолдап, ол арқылы артына жаңа салымшыларды тіркеу;

- жеке кабинетте бонус есебімен қоса жиналған қаражаттарды 1 күннен 1 жылға дейінгі күніне салымның 1,48%-дан 2%-ға дейінгі бөлігіне тең табыс алу мүмкіндігі бар жобаға инвестициялау.

Жоба (проект) - платформада фармацевтикалық препараттар мен медициналық құрылғылардың жарнама тізіміндегі жобалардың бірі. Аталған жобалардың әрқайсысының өзінің бағасы және оны өндіру мен экспорттау бойынша қызметіне инвестициялаған жағдайда, күнделікті түсіп отыратын пайданың мөлшері көрсетіліп отырған. Мысалы, салымшының таңдалған жобасы «инъекцияға арналған парекоксиб» фармацевтикалық препараты. Бұл жобаның жарнамасында оның атауы, күнделікті түсетін пайда (қызығушылықпайызы), инвестициялық циклдің мерзімі және оның құны (инвестициялық квота) бейнеленген. Ары қарай, салымшы бұл жобаға жеке парақшасындағы теңгерім есебінен инвестицияны жүзеге асырғаннан кейін, бұл тапсырыс, платформаның «орындалуда» қойындысына өткен. «Орындалуда» қойындысында инвестицияланған жоба бойынша тапсырыс нөмірі, сатып алу күні, өнімнің атауы, жалпы бағасы, нақты төлемі, жобаның жарамдылық мерзімі, күтілетін қайтару, ағымдағы табыс және транзакция туралы мәліметтер қамтылған. Кейін, жарамдылық мерзімі, яғни инвестициялық цикл толық көлемде аяқталып, күтілетін қайтару толық мөлшеріне жеткен кезде, бұл жоба «аяқталды» қойындысына өткен. VIP деңгей - платформаның ішкі тәртібіне сәйкес, салымшыларға олармен инвестицияланған қаражаттарының жалпы сомасына қарай 1-ден 5-ке дейінгі дербес VIP деңгей беріліп отырған. Атап айтқанда:

- VIP1: салымдардың жалпы сомасы 3 500 000 (үш миллион бес жүз мың) теңгеден асқандарға «VIP1» атағы беріліп, ол инвестициядан түскен пайданың 0,05 пайызы көлемінде;

- VIP2: салымдардың жалпы сомасы 7 000 000 (жеті миллион) теңгеден асқандарға «VIP2» атағы беріліп, ол инвестициядан түскен пайданың 0,1 пайызы көлемінде;

- VIP3: салымдардың жалпы сомасы 13 500 000 (он үш миллион бес жүз мың) теңгеден асқандарға «VIP3» атағы беріліп, ол инвестициядан түскен пайданың 0,15 пайызы көлемінде;

- VIP4: салымдардың жалпы сомасы 35 000 000 (отыз бес миллион) теңгеден асқандарға «VIP4» атағы беріліп, ол инвестициядан түскен пайданың 0,2 пайызы көлемінде;

- VIP5: салымдардың жалпы сомасы 55 000 000 (елу бес миллион) теңгеден асқандарға «VIP5» атағы беріліп, ол инвестициядан түскен пайданың 0,3 пайызы көлемінде қосымша бонус алып отырған. Басқарушылық бонус - телеграм мессенджеріндегі чаттың белсенді қатысушылар саны:



- елуге жеткен кезде, 100 000 (жүз мың) теңге;
- жүзге жеткен кезде, 200 000 (екі жүз мың) теңге;
- екі жүзге жеткен кезде, 300 000 (үш жүз мың) теңге;
- бес жүзге жеткен кезде, 550 000 (бес жүз елу мың) теңге;
- мыңға жеткен кезде, 680 000 (алты жүз сексен мың) теңге көлемінде

топты басқарған жетекшіге ай сайынғы қайтарымсыз демеу қаржысы (субсидия) түсіп отырған. VIP деңгейін орындаған және телеграмм мессенджерінде топ ашып, ол бойынша басқарушылық қызметпен айналысып, ұйымдастырушылармен ынтымақтастықта болған жетекшілерге ай сайынғы айлық ақы түсіп тұрған. Басшының ай сайынғы айлығы:

-салымдардың жалпы сомасын жеткілікті мөлшерде (VIP деңгейлер кестесіне сәйкес 3 500 000 теңге) жинап, Телеграм мессенджерінде чат ашып, оған басшылық жасауды бастаған салымшы, басқарушылық бонусты ала отырып, өзінің артынан рефералды сілтеме арқылы 10 (он) салымшы тартқан жағдайда VIP1 деңгейіне өтіп, ол үшін бір жолғы сыйақы ретінде жеке кабинетіне 60 000 (алпыс мың) теңге алып, ай сайынғы айлық ақы ретінде 180000 (жүз сексен мың) теңге;

- салымдардың жалпы сомасын жеткілікті мөлшерде (VIP деңгейлер кестесіне сәйкес 7 000 000 теңге) жинап, Телеграм мессенджерінде чатты басшылық жасап отырған жетекші, басқарушылық бонус ала отырып, өзінің артынан тіркелген 2 (екі) салымшыны VIP1 деңгейіне өткізген кезде, өзі VIP2 деңгейіне өтіп, ол үшін бір жолғы сыйақы ретінде жеке кабинетіне 128 000 (жүз жиырма сегіз) теңге алып, ай сайынғы айлық ақы ретінде 360 000 (үш жүз алпыс мың) теңге;

- салымдардың жалпы сомасын жеткілікті мөлшерде (VIP деңгейлер кестесіне сәйкес 13 500 000 теңге) жинап, Телеграм мессенджерінде чатты басшылық жасап отырған жетекші, басқарушылық бонус ала отырып, өзінің артынан 2 (екі) VIP1 деңгейіндегі жетекшіні VIP2 деңгейіне өткізген жетекші, VIP3 деңгейіне өтіп, ол үшін бір жолғы сыйақы ретінде жеке кабинетіне 400 000 (төрт жүз мың) теңге алып, ай сайынғы айлығы ретінде 720 000 (жеті жүз жиырма мың) теңге;

- салымдардың жалпы сомасын жеткілікті мөлшерде (VIP деңгейлер кестесіне сәйкес 35000000 теңге) жинап, телеграм мессенджерінде чатты басшылық жасап отырған жетекші, басқарушылық бонус ала отырып, өзінің артынан 2 (екі) VIP2 деңгейіндегі жетекшіні VIP3 деңгейіне өткізген жетекші, VIP4 деңгейіне өтіп, ол үшін бір жолғы сыйақы ретінде жеке кабинетіне 1 280000 (бір миллион екі жүз сексен мың) теңге алып, ай сайынғы айлығы ретінде 900000 теңге;

-салымдардың жалпы сомасын жеткілікті мөлшерде (VIP деңгейлеркестесіне сәйкес 55 000 000 теңге) жинап, телеграм мессенджерінде чатты басшылық жасап отырған жетекші, басқарушылық бонус ала отырып, өзінің артынан 2 (екі) VIP3 деңгейіндегі жетекшіні VIP4 деңгейіне өткізген жетекші, VIP5 деңгейіне өтіп, ол үшін бір жолғы сыйақы ретінде жеке



кабинетіне 2 000000 (екі миллион) теңге алып, ай сайынғы айлығы ретінде 1500000 (бір миллион бес жүз мың) теңге алып отырған. Құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері - қаржылық пирамиданың VIP5 деңгейіне жеткен, өзінің басқаруындағы телеграм мессенджеріндегі чаты немесе чаттары бар, ұйымдастырушылармен тығыз байланыстағы, салымшыларды тарту, оларды платформаға тіркеу немесе салымшылардың өздеріне тіркелуді үйрету, салымшылар мен белсенді қатысушыларға жиындар мен отырыстарды ұйымдастыру, агрессивті үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, салымшыларды белсенділікке ынталандыру жұмыстарын күнделікті жүргізуші қаржылық пирамиданың қатысушысы. Рефералды сілтеме - платформадағы әр салымшының жеке кабинетіне берілетін бірегей электронды сілтеме. Бұл сілтемені көшіріп, жаңасалымшыларға тіркелу үшін жолдауға мүмкіндік бар. Аталған сілтеме арқылыөтіп, тіркелген адам автоматты түрде сілтеме жіберушінің артына иерархиялық тұрғыда тіркеліп, бонустарға қол жеткіздіреді. Осыдан, «Ян Минг» есімді сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жеке басы анықталмаған тұлға, «Tinder» (Қытай Халық Республикасының азаматтарымен пайдаланылатын жылдам хат алмасу, дыбыстық жазбаларжолдау, аудио қоңыраулар, шоттармен төлем жасауға мүмкіндік береді) мессенджері арқылы 2022 жылдың қараша айының 2 күні А.Пірмахановамен хат алмасу жолымен танысып, оған «Chia Tai Pharmaceutical» (немесе Chia TaiTianqing) қаржылық (инвестициялық) пирамидасы туралы таныстыру жұмыстарын жүргізген. Әрі қарай, А.Пірмаханова, аталған қаржылық пирамидаға салымшы ретінде тіркелген уақыттан бастап, Ян Мингпен күнделікті хат алмасып, Ян Мингтің өзіне деген сенімді көзқарасын тудырған. Осыдан соң, Пирмаханова Аягөз Оразайханқызы «Chia Tai Tianqing Group» компаниясының салымшысы ретінде тіркелген. Аталған компанияның қызметі мен жұмысын зерделей келе, компанияның ғаламтор парақшасына тіркелгені үшін әрбір адамға 2500 теңге ақша қаражаты, ал күнделікті аталған ғаламтор парақшасына кіргені үшін бонус ретінде тағы 100 теңге ақша қаражаты есепшотына түсетінін білген. 2022 жылдың қараша айында, Ян Минг А.Пірмахановаға өзінің салымы бойынша пайданы күтпей, мекеменің Агенті ретінде қызмет ету арқылы қосымша табыс табу жөнінде ұсыныс білдірген. Сөйтіп, А.Пірмаханова бұл ұсынысты қабылдап, «Chia Tai Pharmaceutical» қаржылық пирамидасының Агенті ретінде өз қызметін бастаған. Осы жолда, А.Пірмаханова агенттік қызметпен айналысу үшін ең алдымен өзінің атына «Форте Банк» АҚ-нан, «First Heart Jusan Bank» АҚ-нан, «Банк Центр Кредит» АҚ-нан, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан, «Каспий Банк» АҚ-нан, «Home Credit» АҚ-нан есепшоттар ашып, олардың мәліметтерін Модераторға жолдаған. Өз кезегінде Модератор, А.Пірмаханованың атына ашылған банкоматтық карталардың нөмірлерін ары қарай платформаға орнатып отырған. Осылайша, жаңадан келген



салымшылар платформаға тіркеліп, салымжасамақшы болған уақытта, платформаның салымды жүзеге асыру қойындысында көпшілік агенттердің бірі болып табылатын А.Пірмаханованың есепшоттарын көріп, оны «Chia Tai Pharmaceutical» мекемесінің ресми шоты ретінде қате қабылдап, ақша аударымдарын жүзеге асырған. Ары қарай, А.Пірмаханова өзінің есепшоттарына түскен қаражаттар бойынша Модераторға күнделікті баяндама жасаған. Өз кезегінде, Модератор бұл мәліметтерді платформадағы салымшылардың жеке кабинеттеріне енгізіп отырған. Кейін, Модератор өзіне келіп түскен пайданы немесе жасалған салымдарды кері шығару бойынша түскен өтініштерге сәйкес, 72 сағат көлеміндегі тапсырысты өңдеу уақыты шеңберінде, А.Пірмахановаға есепшоттардың нөмірлері мен оларға аудару сомаларын жолдаған. Қабылданған мәліметтерге сәйкес А.Пірмаханова, жоғарыда аталған өзінің атына ашылған шоттардың бірінен, салымшылардан жиналған қаражатесебінен екінші салымшылардың шоттарына аударым жасау арқылы қайта бөлуді жүзеге асырған. Осы жолы да, А.Пірмаханова салымшыларға қайта бөлінген қаражаттар бойынша Модераторға баяндама жасап, кейін, Модератор түскен салымдар мен қайта бөлінген қаражат арасындағы айырмашылығы бойынша А.Пірмахановаға «Binance» цифрлық активтер биржасындағы «r2r» онлайн сауда порталыарқылы USDT криптовалютасына айырбастатып, өзі ұсынған үшінші криптоәмиандарға аударту туралы нұсқау берген. Осылайша, ұйымдастырушылармен қарапайым салымшыларды жаңылыстыру мақсатында ойлап табылған жоспарға сәйкес, салымшылар қаржылық пирамиданың платформасындағы банкоматтық карталарға ақша аударымын жасағаннан кейін немесе керісінше, платформадағы теңгерімнен өздерінің банкоматтық карталарына ақша шығаруды іске асырған уақытта, жеке кабинеттеріндегі теңгерімнің өсуін немесе азаюын көріп, платформаның және инвестициялық мекеме кейпімен бүркемеленген қаржылық пирамиданың шынайылығына сенген. Осы орайда, А.Пірмаханова өзінің қылмыстық ойын іске асыру мақсатында, өз таныстарын аталған компанияның салымшысы ретінде «Whatsapp», «Telegram» әлеуметтік желілері арқылы қосып, тіркеп, салынған қаражат соммасының 1-3% пайызын қаржы пирамидасының тергеумен анықталмаған ұйымдастырушысы, «Zhengda Group» телеграмм-каналаның ұлты қытай «Ян Минг» есімді әкімшісі арқылы алып отырған. Бұдан бөлек, компанияға инвестиция ретінде салынған қаражаттың мөлшеріне байланысты күндігіне 1,6-2% аралығында дивиденттер түсіп отырған. Ал, егер өзінің артынан басқа салымшыны тіркеген кезде, инвестицияретінде құйылған соммадан 1-3 % аралығында салымшының есепшотына ақша қаражаты түсіп отырған. Аталған есепшоттан кез-келген сәтте аталған ақша қаражатын банктік аударым арқылы алуға мүмкіншілік бар екеніне көзін жеткізген.Тартылған салымшыларға ұялы телефоннан «Платформа CP Group» қосымшасын жүктеу үшін сілтемесін жолдаған. «Платформа» деп аталатын ұйымдастырылған жүйеге сәйкес, салымшы



өзінің жеке мәліметтерін, тіпті жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы «жеке кабинетке» тіркеліп, салымшының әр түрлі дәрілік заттарды алу, өңдеу үшін қаржыландыру жолынашқан. «Платформаны» әзірлеушілер күніне 1,48% пайыздан 2% пайызға дейінгі мөлшермен 1,2,3,5,7,9 күнмен 30, 40 күн мерзімге дейін инвестициялау мүмкіндігін қарастырған. Жәбірленушілердің қаражаттарын иемдену мақсатында, қосымшада қазақстандық банктердің, оның ішінде «Халық Банк», «Форте Банк», «Жусан Банк», «Банк Центр Кредит» АҚ банк есеп шот нөмірлері болған, одан кейін платформада «Бинанс» қосылған. А.Пірмаханованың жоғарыда көрсетілген әрекеті, оның салымшылар үшін құрылған қаржылық пирамидаға ақша салудың тартымдылығын арттыруға бағытталған қылмыстық ниетін куәландырады және мұндай кірісті сақтау мүмкін еместігіне, ұзақ уақыт бойы пирамиданың барлық қатысушылары алдындағы міндеттемелерін өтеу мүмкін болмайтынына қарамастан, ешқандай күш жұмсамай-ақ жоғары табысқа уәде берумен байланысты болған. Осы кезде, А.Пірмаханова өзінің қылмыстық жоспарын нәтижелі жүзеге асыру үшін және тез арада мол табысқа жету мақсатында Қызылорда қаласы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, әл ауқатын, қаржылық сауаттылығын толықтай зерттеп, «Whatsapp» әлеуметтік желілерінде «Chia Tai Tianging Group» компаниясын жарнамалау үшін «Бір болып біргеміз» атаулы топ ашқан. Аталған топта Ян Минмен бірге басқарушы болған. Аталған топ мүшелеріне «Chia Tai Tianging Group» компаниясына фармацевтикалық зауыттың құрылысына және дәрі-дәрмектердің өндірісіне инвестиция құю бойынша жарнама шығарып, нәтижесінде А.Пірмаханова «Chia Tai Tianging Group» компаниясының Қызылорда қаласындағы лидері болып, аталған компанияның заңсыз қызметін насихаттап отырған. Өз кезегінде, салымшылар ақша қаражаттарын одан әрі көбейту мақсатында ірі көлемде ақша қаражаттарын «Chia Tai Tianging Group» қаржылық пирамидасының ғаламтор парақшасында көрсетілген есепшоттарға жіберіп отырған. Бұдан бөлек, А.Пірмаханова материалдық жағдайын жақсартуды көздеген қылмыстық ниетіне жету үшін, өзінің қаржыландыруымен, 2023 жылғы наурыз айының 29 күнінде «Chia Tai Tianging Group» қаржылық пирамидасының белсенді 40-50 салымшыларын Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №34 үй мекен-жайда орналасқан «Veranda Asian House» мейрамханасына жинап, оларға осы компанияның қызметі, жеткен жетістіктері, дәрілік заттары мен салымшылардың алдағы уақытта алатын пайдасы туралы әр түрлі үгіт насихат жасап, жалпы «Chia Tai Tianging Group» қаржылық пирамидасын жарнамалаумен кеш ұйымдастырған. Бұл ретте жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мен негізгі қарыздарды төлеу қаржы пирамидасына жаңадан келген қатысушылардың есебінен жүзеге асырылып отырған. Өз кезегінде, А.Пірмаханова «Chia Tai Tianging Group» қаржылық пирамидасының салымшыларынан түскен қаражаттан түскен пайдасы және өзінің осы жобадағы дәрілік заттарға инвестициялаумен «Платформаның» салған салымшылардың салған қаражаты есебінен деңгейдегі «VIP-3»



лидеріне дейін жеткен. Осылайша, «Платформа CP Group» - «Chia Tai Tianging Group» салымшылардан қаражат тарту бойынша қызметі қаржылық пирамида санатына жатады, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі №474 Заңының (әрі қарай - Заң) 1-бабы 4-тармағына сәйкес, қаржылық ұйым - қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. Осы заңның 1-бабы 5-тармағына сәйкес, қаржы нарығы - қаржылық қызмет көрсету мен тұтынуға, сондай-ақ қаржы құралдарының шығарылуына және айналысына байланысты қатынастардың жиынтығы болып табылады. Бұдан бөлек, бұл Заңның 1-бабы 6-тармағында қаржылық қызметтер түсінігі көрсетілген, олар: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын, сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылардың (актуарийлерді қоспағанда), бағалы қағаздар нарығына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кәсіби қатысушылардың қызметі, банк қызметі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі, сондай-ақ: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, орталық депозитарийдің, мемлекетке, тізбесін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітетін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттің, көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстау функцияларын жүзеге асыру бөлігінде мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның лицензиялауға жатпайтын қызметі. Сонымен қатар, осы Заңның 4-бабы 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген тиісті лицензиясы жоқ тұлғалардың қаржы нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруына жол берілмейді. Осы Заңның 4-бабы 2-тармағына сәйкес, тиісті лицензиясыз жасалған қаржылық қызмет көрсету бойынша мәмілелер жарамсыз болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 715-бабы 3-бөлігіне сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғаларға кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан қарыз түрінде ақша тартуға тыйым салынады және мұндай шарттар маңызсыз болып табылады. Осылайша, салымдарды қабылдау бойынша қызметті тек ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ары қарай - Агенттік) лицензиясы бар серіктестіктер жүзеге асыруға құқылы. Ал «Chia Tai Pharmaceutical» (немесе «Chia Tai Tianqing») мекемесінің мұндай қызмет түрімен айналысуға заңды тұлға ретінде тіркеуі, уәкілетті органның лицензиясы жоқ және ешқашан болмаған. Одан бөлек, оның қызметі келесі қаржылық пирамиданың белгілерін құрайды: 1) қаржы реттеушінің қаражатын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға



лицензиясының болмауы; «Chia Tai Tianging Group» компаниясының Агенттікте тіркелмеген және қаржы нарығында жұмыс істеуге лицензиясы бар ұйымдардың тізілімінде жоқ; 2) инвестициялау қауіпсіздігіне мемлекеттік кепілдіктің жоқтығы, «Chia Tai Tianging Group» компаниясының ұсынған өнімдері банк өнімдері болып табылмайды және сәйкесінше ешқандай мемлекеттік кепілдіктерге жатпайды; 3) қарыз алу нарығындағы орташа деңгейден асатын инвестицияның негізгі жоғары табыстылығы туралы уәде; «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның сайтындағы мәліметтерге сәйкес, 2022 жылғы кезеңде банктік депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы 13,9%-14,9% пайыз аралығындағы мөлшерге ие болған. Бұл ретте «Chia Tai Tianging Group» компаниясы өз клиенттеріне жылдық 400% пайыздан 700% пайызға дейінгі кірістілікпен әртүрлі бағдарламаларға инвестиция салуды ұсынған; 4) «Chia Tai Tianging Group» компаниясының банктердегі арнайы есеп айырысу шоттарын пайдаланбай қолма-қол ақшаны қабылдау. Тиісінше салымшылардың қаражаты қазақстандық банктер мен «Binance» платформасындағы есеп айырысу шоттарына қабылданған; 5) «Chia Tai Tianging Group» компаниясының қаржылық жағдайы туралы ресми ақпараттың болмауы әрі жалпыға қол жетімді емес; Қытай Халық Республикасындағы «Chia Tai Tianging» фармацевтикалық компаниясына мүлдем қатысы жоқ. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461 Заңының (әрі қарай - БҚР заңы) 1-бабы 9-1 тармағына сәйкес, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы - өз қызметін бағалы қағаздар нарығында лицензия негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы болып табылады. Осы Заңның 1-бабы 60-тармағына сәйкес, лицензиат - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөнiндегi уәкiлеттi орган берген лицензия негiзiнде бағалы қағаздар нарығында қызметтi жүзеге асыратын заңды тұлға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы. Бұдан басқа, Заңның 15-1 бабының 1-бөлiгiне сәйкес, Агенттiк өзкүзiретi шегiнде, қаржы заңнамасы саласындағы бақылау мен қадағалауды осыбапта көзделген қаржы нарығы, қаржылық ұйымдардың қызметi және ҚР-ның қаржы заңнамалары саласында қаржылық ұйымдар мен өзге де қаржы нарығының субъектiлерiмен ҚР заңнамаларының талаптарын, сонымен қатар ҚР банк заңнамаларын, ҚР БҚР заңының, акционерлiк қоғамдар туралы, инвестициялық және венчурлiк қорлар туралы заңнамасымен көзделген талаптарды сақтау бойынша қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, «Chia Tai Pharmaceutical» (немесе Chia Tai Tianging) платформасы қор нарығы субъектiсi немесе лицензиат болып табылмайды. Бұдан басқа, күдiктiлердiң iс-әрекеттерiмен халықтың қаржылық, инвестициялық қызметке деген дұрыс түсiнiктерi бұзылған. Яғни, А.Пiрмаханова, аса iрi мөлшерде заңсыз материалдық табысты алу мақсатында, өзiнiң әрекеттерiнiң қоғамға қауiптiлiгiн толықтай ұғынып, қоғамға қауiптi зардаптардың туындауын алдын ала болжай отырып, оның



барысында ақша қаражаттарын салған жеке тұлғалардың әрекеттерін тоқтату кезеңінде өзінің жеке ақша қаражаттарынан айырылатынын, сонысымен сол зардаптардың болуын қалап, «Whats app» әлеуметтік желісіндегі «Біз бірігіп біргеміз» деген топқа басшылық жасаған. Топқа тіркелген жаңа салымшылардың инвестиция ретінде «Chia Tai Tianging Group» компаниясына салған ақша қаражаттарынан 1-2% бонус ретінде түскен табыстарын өзінің жеке есепшотына аударып, жеке бас қажеттілігіне жаратқан. Содан, А.Пірмаханова қаржылық (инвестициялық) пирамиданың құрылымдық бөлімшесіне басшылық етіп, салымшылар компанияға қаражатты салуды тоқтатқан жағдайда, басқа да салымшылардың алдында салынған ақша қаражаттарын өсімақысымен қайтарып бере алмайтынын ұғынып, 2022 жылдың қараша айы мен 2023 жылдың сәуір айы аралығында 25 жәбірленушілерге жалпы 51495218 теңге көлемінде салымшыларға аса ірі мөлшерде мүліктік залал келтірген, атап айтқанда: М.Әуезоваға 1474214 теңге, Қ.Сейткасымоваға 2489000 теңге, Б.Мырзабекке 1500000 теңге, Б.Молдахожаеваға 795000 теңге, Г.Акбаеваға 750000 теңге, А.Есмаганбетовке 1070000 теңге, Н.Қапашовқа 1981249 теңге, Г.Шаймановаға 450000 теңге, Д.Төкенге 2670000 теңге, М.Алимбетоваға 4218350 теңге, А.Серикбаевадаға 2323000 теңге, А.Қарабековке 2810000 теңге, Ш.Жүнісбековке 1550000 теңге, Д.Жұмабаевқа 900000 теңге, Р.Сарузеноваға 880000 теңге, Э.Есмаганбетоваға 400000 теңге, А.Балабаеваға 4829405 теңге, А.Даутбаеваға 1040000 теңге, Н.Сарманға 5009000 теңге, Б.Жайбергеноваға 700000 теңге, А.Шахаеваға 790000 теңге, Р.Атымтаеваға 4520000 теңге, А.Асылбекұлына 550000 теңге, А.Әнуарбекке 4062000 теңге, М.Жұмабаеваға 3734 000 теңге материалдық шығын келтірілген.

Сөйтіп, Пірмаханова Аягөз Оразайханқызы, аса ірі мөлшерде ақшаны тарта отырып жасалған қаржылық (инвестициялық) пирамиданың құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету, яғни тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке тұлғалардың ақшасын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған.

### **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Басты сот талқылауында сотталушы А.Пірмаханова кінәсін ішінара мойындап, «Chia Tai Pharmaceutical» компаниясы туралы мәліметтерді әлеуметтік желісінде көргенін, 2022 жылдың қарашасында бейтаныс «Fasebook» әлеуметтік желі арқылы жеке парағына шығып, өзін Yang Ming (бұдан әрі- Ян Минг) деп таныстырған шетел азаматынан осы компания туралы естігенін, осы компанияның дәрілік өнімдеріне инвестиция салып, осы платформа арқылы өздерінің қаржылық жағдайын жақсартып, шетелдерге шығып жүрген Ресей, Қазақстан, Қытай азаматтары туралы



айтып, қызықтырғанын, содан сеніп, Ян Минг жіберген сілтеме арқылы компанияның платформасына тіркеліп, жеке кабинетін ашқанын, телеграммадағы топқа қосылып, осы платформаны жарнамалайтын Қазақстанның азаматтары басты лидерлері Секбаева Ләззат, Зейін Нұрсауле және Рухияның осы компанияны насихаттауға бағытталған бейнероликтерін, суреттерін, насихат жұмыстарын, Қазақстанның әр түпкірінен осы платформаға қаржы салғандарын және ғаламтордың ашық көздерінен осы компанияның Қытайда дәрілерін шығарып, инвестиция жасап тұрғанын, басшылары бар екенін көріп, күмәні сейіліп, содан ақша салып, дивидендтерінің пайызын алып, қуанышпен бөлісіп, жарнамалағанын, алайда «Chia Tai» компаниясы платформасының пирамида екенін бейхабар екенін, ақша салған өзінің, өзінен кейінгі азаматтардың қаржылық сауатты жоқтығынан алданып, ақша салып, пирамиданы құрып, басқалар байып, ал өзінің осылайша отырғанын, жәбірленушілердің әрқайсысы бұл платформамен тікелей танысып, егжей-тегжейлі зерттеп, өз еріктерімен сілтеме басып, жеке кабинет ашып, ақшасын көбейту мақсатында ақша салып, пайдасын көргенін, барлығы ақша салып, құрбан болып отырғанын, өзінің де ақша салып, отбасымен қарызға батқанын, бұл қаржылық операциялар туралы ақпараттарды Yang Ming шетел азаматы қайдан біліп отырғанын, бұл ақшаларды талан-таражға салмағанын, себебі өзінікі еместігін, өзінің жарнама жасап, қуанышпен бөліскенін, әлеуметтік желідегі қаржылық пирамиданың құрбаны болып, өзі де жәбірленуші екенін, алданғанын, барлық кінәсі сеніп жарнамалағанын, пирамиданы құрған нақты адамдар қашып, сауатсыздығын пайдаланып өзі сияқты ақымақтардың қалып қойғандарын, өзінің кінәсі мұнда тележурналист Секбаева Ләззат, зейнет жасындағы Рухия бар деп, сеніп қалып, жарнама жасағанын, бірақ таңдау, ақша салу әрқайсысының өз қолында екенін, 2 баласының бар екенін, ажырасқанын, мектепте мұғалім тәлімгер екенін, сол компанияда жұмыс жасап отырғанда пайызын көріп, қайтадан сол платформаға салып жібергенін, бұл ақшаны көріп ұстамағанын, тек платформада көріп отырғанын, көп ақша салғанын, қазіргі уақытта несие ретінде салған көлемі 15 000 000-дай екенін, Әсем мен Мақпал деген құрбысы екенін, олардың әрекеттері өзінікіндей, олар да айлыққа жетсек деп, артынан адамдар жинағанын, «Веранда» кафесіне ауызашарды сол Ян Мингтің айтуымен қаржы беремін дегесін ұйымдастырып, өткізгенін, бұл отырыстың ақшасын өзі төлегенін, Ян Мингтен платформа арқылы 500 000 теңге алғанын, аталған кафеге келген адамдардың есінде жоқтығын, оларға жетістіктерін айтып, қуанышпен бөлісіп, «Chia Tai» компаниясы бойынша жарнама жасағанын, «Бір болып біргеміз» деген чатта Ян Мингтің айтуымен «админ» болғанын, өзімен бірге админ болып, Әсем, Думанайлар болғанын, шотына түскен 178 000 000 теңге бұл айналымдағы қаржы, одан өзінің пайда көрмегенін, Ян Мингтің айтуымен өзінің 16 цифрдан тұратын шотын беріп, содан шотына ақша түсіп, соңғының нұсқауымен берген шотына бұл ақшаны аударып отырғанын, қызметі үшін 5-10 мың теңге, 1 процент алғанын, бұл



ақшаны сол платформаға қайта салып жібергенін, жалпы өзіне түскен ақшаны көбейе берсін деп, платформаға қайтадан салып отырғанын, Ян Мингпен ғаламтор арқылы қытай-орысша және қазақша аудармашы арқылы өзін кәсіпкер екендігін, шетелге шығып қыдырғанын, инвестиция арқылы ақшасын көбейткенін, сол себепті инвестиция салып, пайда көресіндер деген мәтінде сөйлесіп, үгіттеп өзін үлкен чат телеграм-каналға тіркеп, оның аты «Джингогрупп» екенін, сол платформаны қалай қолдану керектігін сол Ян Минг айтып, нұсқаулық беріп, насихаттағанын, өзінің VIP 3 деңгейде екенін, сол үшін процент алғанын, туысқандарын санағанда артында 10 адам тұрғанын, айлығы 180 000 теңге, одан кейін 360 000 теңгеге өсіп, бұл ақшаны өзінің қарыздарын жауып және өзінің ақшасы көбейе берсін деп, платформаға қайта салып жібергенін көрсетті (Файл атауы: 4358-24-00-1\_109\_30042024100655\_mix.mp3\_mix.mp3 уақыты 10:52).

Басты сот талқылауында, жәбірленуші Г.Ақбаева 2022 жылдан бастап құрбысы Алибекова Айгерім өзіне қанша табыс тауып жүргені туралы жетістігін көрсетіп, «Chia Tai Pharmaceutical» жобасының платформасына кіру туралы үгіттегенін, қол тимейтінін айтқанда, тек паспортын тіркеп қоятынын, содан жеке куәлігін бергенін, содан аталған компанияның дәрі-дәрмек зерттеумен айналысатынын осыларға инвестиция жасап, пайда табатынын А.Алибекова айтқанын, соңғының үгіттеуімен «WhatsApp» қосымшасы арқылы аталған компанияның чатына тіркелгенін, осы чатта Қытай азаматы Яни Мингпен осы Пірмаханова Аягөз бұл компания туралы оның өнімдері, өзінің мектепте мұғалім екенін, бұл компанияға қалай кіріп, табыс тапқанын айтып, адамдар тартуда сол Аягөз күнде таңертең үгіт насихат жүргізіп, соңғының үгітіне еріп, банктен қарызға алып, Алибекова Айгерімнің айтуымен оның туған апасы Алибекова Мақпалдың көмегімен «Каспий кз» 750 000 теңге көлемінде салғанын, содан Ян Минг жеке парақшаға және телеграммаға кіріп, сағаттық, айлық өнімдерді сатып алу туралы басқа тілде кеңес бергенде, осының бәрін сол Пірмаханова Аягөз қазақшаға аударып, түсіндіріп бергенін, сол Аягөз чатқа шығып, 3 сағаттық өнімді кім алады, кәні бүгін кім алады оның осынша пайдасы болады деп, барлығына дауыстық хабарлама жасап, насихат жүргізіп отырғанын, 2023 жылдың 29 наурызында Қызылорда қаласы «Веранда-стрит» кафесінде кешкісін ауыз ашар болып, Аягөз арнайы чат ашып, соған келдіндер деп, осы Аягөз сол чатта дауыстық хабарлама жасап, онда танысайық, жетістіктермен бөлісейік, үстеріңе қамзол киіп наурызды тойлап, жақсы отырыс болады деп, 2-3 мың теңге ала келіндер деп, өздері сияқты новичоктарды шақырғанын, содан чатқа өтіп, жазылғанын, отырысқа барып, адамдар жиналып, сол жақта осы қамзол киген Пірмаханова Аягөзді бірінші рет көріп танысқанын, кафеге кіргенде сол Ян Мингтің суретін іліп қойғанын, компания және оның өнімдері туралы бейнеролик жүргізіліп көргенін, Пірмаханова Аягөз сөз алып, платформасындағы мәліметтерді шығарып, өзінің артында қанша адам тіркелгенін, тауып отырған табысын, күнделікті табысын айтып, бұл жиынға Пірмаханова Аягөздің туысқандары,



анасы келіп сөйлегенін, содан Пірмаханова Аягөз, Алибекова Мақпал және Жаппасбаева үшеуі осы Қызылорда облысында лидер екенін айтып, бірақ Жаппасбаеваның болмағанын, сол арада Аягөз Ян Мингпен «Fasebook» арқылы қыз бен жігіт болып танысқанын, соңғысы жақсы жұмыс беретінін, істей алатынын сұрағанда, бастапқы кезде келіспей, кейіннен келіскенін, қазіргі уақытта жақсы пайда тауып байып отырғанын, сайттан сол А.Пірмаханованың артында 256 адам бар екенін көргенін, осыдан кейін Алибекова Мақпал сөйлегенін, отырыс аяғында ауыз ашып, Ян Минг сыртынан рахмет айтып тарасқанын, өзіне келтірілген шығын қайтпағанын, талап арызын қуаттайтынын көрсетіп, 750000 теңге өндіруді сұрады.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Г.Шайманова танысы Құндызай Пірмаханова Аягөз деген Қызылорда қаласында чат ашып, оның админ екенін, «Chia Tai Pharmaceutical» жобасының платформасына ақша салып, үстемелеп алуға болатынын, Аягөздің лидер екенін айтқанын, содан 450 000 теңге салғанын, платформадан ақшаны шешу үшін, Пірмаханова Аягөзге барғанын, өзіне келтірілген шығын қайтпағанын, талап арызын қуаттайтынын көрсетіп, 450000 теңге өндіруді сұрады. көрсетіп,

Басты сот талқылауында жәбірленуші Ауезова Мөлдір 2023 жылдың 23 наурызында танысы Сейіткасымова Құндызайдың осы платформаға алып келгенін, медицина саласында жұмыс істегендіктен «Chia Tai Pharmaceutical» платформаның дәрі-дәрмек сататынын білгенін, «Бір болып, біргеміз» чатқа қалай кіргені есінде жоқ болғанымен, бұл чатта жақсы қарсы алған осы Пірмаханова Аягөз екенін, өзіне қош келдіңіз, бірге дамимыз, кемпір берсең шал аласың, шал алсаң кемпір аласың бірге байимыз деп, үгіттеп, осы Аягөз айтқанын, чатта Аягөз ағылшынша «Ая» деп тіркелгенін, содан Құндызай, Думанайдың каспий арқылы 1 474214 теңге салғанын, қалай, қашан салғанын есінде жоқтығын, алайда бұл платформа бір ай өтпей жабылғанын, 2023 жылдың 29 наурызында Қызылорда қаласы «Веранда» кафесінде болған ауыз ашарды бейнебайланыс арқылы көргенін, аталған жерде Қытай мен Қазақстанның жалауы болғанын, дәрі -дәрмекке ақша салғысы келіп, А.Пірмахановамен жеке сөйлескенде, бұл өнімді мақтап, оның мүмкіншілігі көп деп үгіттегенін, сөйтіп ақша салғанын, платформа жабылған күні Аягөзге телефон шалып, 4 баланың анасы екенін, оған жылап жазғанда, Аягөз өзіне тұра тұршы деп, қайтадан ашылатын шығар деп басу айтқанын, чатта тұрған 170 адамның ішінде арыз жазайық деп, Аягөз өздерін Қызылорда қаласы Амангелді №100 мекен-жайға шақырғанын, бірақ та Аягөз келмегенін, артынан Аягөздің жұмыс істейтін мектебіне барғанын, бұл 1 474214 теңге ақшаны Пірмаханова Аягөзден өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші К.Сейіткасымова Әбілпаттаева Думанай деген танысы арқылы «Арафат» кафесінде барғанда «Chia Tai» компаниясы туралы білгенін, сол жерде Пірмаханова Аягөзді көргенін, «Бір болып, біргеміз» деген чатқа өзінің кіргенін, Аягөз өзіне адамдар жина дегенін, лидер ретінде осы Пірмаханова Аягөз, Ян Минг және Мақпал дегендер болғанын, олар, оның ішінде осы Пірмаханова Аягөз «Chia Tai»



компаниясының өнімдері туралы жарнама жасағанын, аталған чат арқылы сол Аягөздің шақыруымен 2023 жылдың 29 наурызында Қызылорда қаласы «Веранда-стрит» кафесінде ауызашарға барғанын, 70-80-дей адамдар болғанын, сол жерде Пірмаханова Аягөз жүріп, «Chia Tai» компаниясына басында қыз бен жігіт ретінде танысқан Ян Минг деген Қытай азаматы арқылы кіргенін, компанияның дәрі-дәрмек өнімдеріне презентация жасап, оған инвестиция жасау туралы үгіттегенін, командасы бар екенін, туысқандарын, таныстарын кіргізгенін, барлық қарыздарын жауып, пайда тауып, айына 350 000 теңге алып отырғанын, адамдар жинандар деп насихаттағанын, аталған компания туралы сол кафеде плакаттар ілініп, бейнероликтер көрсетілгенін, салған ақшасы 2 489 000 теңге қайтпағанын, бұл қаржыны Пірмаханова Аягөзден өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А. Даутбаева құрбысы Алимбаева Марияның 2023 жылдың 8 сәуірде дәріханасына шақырумен барғанда, сол жерде Думанай дегенмен танысып, «Бір болып, біргеміз» деген чатқа кіргенін, осы Пірмаханова Аягөз чатта «қош келдің» деп қарсы алып, чатқа хабарлама жіберіп, жазғанын, таңертең тұрған бетте, «Chia Tai» компаниясының жаңа өнімдері шыққанын, оған инвестиция салып, көп пайда көретіндері туралы чатта Пірмаханова Аягөз 20-30 хабарлама жазып, жарнама жазып, ынталандырып, ақша салуға түрткі болғанын, Думанай және Әсем деген арқылы жалпы 1040000 теңге ақша салғанын, олар «Chia Tai» фармкомпаниясын Пірмаханова Аягөз Қызылордаға алып келіп, лидер екенін айтқанын, чатқа кіргенде осы Пірмаханова Аягөз барлығы заңды, өзі мұғалім екенін айтып, бұл жөнінде аудиомен айтып және жазбаша түрде жазғанын, ақшасының қайтарылмағанын, 1040000 теңге ақшасын А.Пірмахановадан өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Б.Молдахожаяева осыдан шамамен 1 жыл бұрын Қапашев Нұрлыбек және оның жұбайы өзінің сіңілісі Дүйсенова Айдана деген танысы қытай дәрілері бар, оған ақша салса, пайда табуға болатынын, оның Қызылордадағы басшысы Пірмаханова Аягөз екенін айтқанын, содан Айданадан Пірмаханова Аягөздің телефонын алып, платформаға қалай кіру керектігін сұрғанда, Әлібекова Мақпалдың телефон номерін беріп, осыдан білесіз дегенін, Мақпалдың айтуымен бинансқа кіріп, ақша салып, осыдан кейін платформаға кіргенін, содан банкіден қарыз алып, халық банкі арқылы 395 000 теңгені Аягөздің шотына аударып, 400 000 теңгені Мақпалдың шотына аударғанын, осыдан кейін Аягөз чатқа қосып, аудиомен «сәлеметсіз бе қош келдіңіздер, жаңадан келгендер, 3 сағаттық дәрі-дәрмек өнімі бар, алып қалыңдар, үстіне ақша аласыңдар» дегенін естігенін, чатта осы Аягөз сөйлеп, үгіт жүргізіп отырғанын, өзі кіргесін, шамамен ертеңіне бұл чат жабылып қалғанын, 2023 жылдың сәуір айының аяғында айқай болып, А.Пірмаханова өзінің ақшасын шешіп алғанын аудио арқылы айтқанын, бұл чатта А.Пірмаханова түсіндіргенін, арыз жазғанын, «Chia Tai» дәрігерлік компаниясын Қызылордаға алып келген А.Пірмаханова екенін, ол бұл компанияны әкелмегенде, мұндай жағдай болмайтынын, сол



себепті 795000 теңге ақшаны А.Пірмахановадан өндіріп беруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Балабаева «Chia Tai» дәрігерлік компаниясына қызы Сарман Нәзира арқылы қызығып 2023 жылдың наурызында кіргенін, бұл компания басында сенімді болғанын, бұл компанияның «Бір болып, біргеміз» чатына админ Аягөз арқылы кіргенін, бұл чатта қытай азаматы суреті тұрғанын, бұл чатта аталған компанияның дәрі-дәрмек өнімдерін көргенін, олардың бағасы әр түрлі, ақша салсаң, проценті көрініп тұрғанын, соған алданып, салған ақшасының 4 829405 теңгесі қайтпағанын, Астана қаласында ЭКСПО ғимаратында дәрі-дәрмек өнімдері туралы бұл компанияның көрмесі болатынын Аягөздің айтқанын, сол Аягөз 2023 жылдың 29 наурызында ауызашарға шақырып, сол отырыста өздеріне компания өнімдері туралы Аягөз сенімді уағыздау жүргізгенін, тапқан пайдасын, соңында қанша адамдар бар екенін, өзінің туысқандарын, таныстарын кіргізіп, үгіт-насихат жүргізгенін, осы 4829405 ақшаны Аягөзден өндіріп беруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Р.Сарузенова 2023 жылдың сәуір айында жұмыстасы Балабаева Айгүлдің платформаға салған ақшасын алғанын көргенін, содан қызығып, оның қызы Сарман Нәзира арқылы екі еселеніп қайтарылады дегесін, 880 000 теңгені Н.Сарманның шотына аударып беріп, бұл платформаға салғанын, Н.Сарман ұялы телефонына бинанс салып беріп, тіркелгенін, Аягөз «Бір болып, біргеміз» деген чатқа кіргізгенін, осы чаттан компанияның өнімдерін, оларға қанша ақша салу қажеттігі туралы көрініп тұратынын, 1 апта өткесін, бұл чат жабылып қалғанын, бұл компанияны Пірмаханова Аягөздің Қызылордаға алып келгенін, оның чат ашып, оған админ болғанын және Қытай азаматымен байланысып отырғанын ескеріп, 880 000 теңгені А.Пірмахановадан өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Б.Жайбергенова 2022 жылдың қазанында Алибекова Мақпал арқылы «Chia Tai» дәрігерлік компаниясын кіріп, пайда тауып жүргенін, соның айтуымен 2023 жылдың 26 қаңтарында 12000 теңге салғанын, 5 ақпанда Мақпалдың жұмысына барғанда, сол жерде осы Пірмаханова Аягөзді көріп, оның бинансқа адамдарды тіркегенін байқағанын, содан ақшаны алайын деп өтініш еткенде, осы Аягөз бен Мақпал екеуі өзіне «бүгін демалыс, ақша алмайсыз, тек саласыз деп, одан қайта 100 күнге 320 000 теңгесін салсаңызшы» -дегенін, содан 265 000 теңгені қарыз алып, Пірмаханова Аягөздің қолына санап бергенін, осыдан бұрын ақпанның 3 күні сол Аягөздің шақыруымен «Мақсұт» кафесінде кездесіп, сол жерде осы Пірмаханова Аягөздің анасы, ағасы, туысқандары, қызметтестері келіп, бір үстелге отырғанын, «LD» экранда Тоқаев пен Қытайдың қол алысып тұрғанын, сол жерде Аягөз компанияға тартқан адамдарына блокнот, өзіне «Chia Tai» компаниясының кружкасын бергенін, сол жерде Аягөз лидер болып, платформадағы дәрілік өнімдері бойынша ойын жүргізіліп, барлығы 500 теңге алғанын, атап өткендей Аягөз Пірмаханова «байысың, күшті



боласын»- дегесін, 2023 жылдың 5 ақпанда оған 265 000 теңгені қолына бергенін, бұдан кейін күнде таңертең сол Аягөз чатта аудиомен компания өнімдерін жарнамалап, пайда табу үшін ақша салуды айтып үгіттеп, жазғанын, қарыз алып, осы Аягөз және Алибекова Мақпал арқылы 435 000 теңге салғанын, 2023 жылдың наурызында бұл компанияға Қапашов Нұрлыбек деген қайынінісін және жездесі Қанат кіргізіп, тіркегенін, содан Қанат басының садағасы 250 000 теңгені өзі жабам дегенін, Н.Қапашовты 2 000 000 теңгеге өзінің тығып жібергенін, осылайша барлығын тіркеп, тартқанын, сол Аягөз өзін ортаға шығарып, оның айтуымен 29 наурыз 2023 жылы ауыз ашарда барлығы керемет, күшті деп, сөз сөйлегенін, бұл дастархан шығын біресе сол қытай көтерді десе, біресе өздері қарастырғанын айтып, әр түрлі сөйлегенін, содан кейін осы Аягөз өзіне адамдар тап, ол үшін кредит аласың дегенін, бір баласын өсіру керектігін,өзінің екі баласы қайтыс болып, есепте тұратынын, осы А.Пірмаханова 360 000 теңгені айлық ретінде сол Қытайдың азаматынан алғанын, Мақпал мен Әсем де 180 000 теңге айлық алып отырғанын, сол ауыз ашарда Ян Минг деген қытай азаматты қайдан танысыз деп, Аягөз Пірмахановадан сұрағанда, ол Ян Мингпен «Fasebook» арқылы махаббат жайлы сөйлескенін, қыз бен жігіт ретінде басында танысқанын, «Мақсұт» кафесінде А.Пірмаханова «Скайп» арқылы сол Ян Мингпен танысқанын, келген шығын 700 000 теңгені Пірмаханова Аягөзден өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Э.Есмаганбетова үстемелеп ақша салуды мектепте еден жуатын қызметтесі Балабаева Айгүлден білгенін, соңғының қызы Сарман Нәзираға барып, платформаға кіргізіп жібергенін, 1 апта ішінде 500 мың етіп, қайтарып аласың дегесін, 180 000 теңге салғанын, шамалы уақыттан соң 90 күндікке, көрінбейтін дәріге 220 000 мың теңге салса, 800 мың теңге етіп қайтарып аласың дегесін, несие алып, сол Нәзира арқылы салғанын, чатқа «қытайды танымаймыз, кімге сенеміз» деп жазғанда, чаттың админы Аягөздің өзі «маған сенесіңдер»- дегенін, Аягөз күнде таңертең чатқа шығып, сөйлеп, 3 сағаттық, 3 күндік және 1 апталық мерзімге дәрілерге ақша салсаңдар, ақшадан көре алмай қаласыңдар, сендер түсінбейсіңдер, өзінің соңында көп адамдар бар екенін, жанұясымен қыруар пайда көріп отырғанын, өзі сияқты сендер неге пайда таппайсыңдар деп, ауыз-ашардағы бейнерорликтерді сол чатқа жүктеп, үгіт насихат жасағасын, оған құдайдай сеніп, жалпы 400000 теңге қаржы салғанын, ақшасы қайтпағанын, осы ақшаны А.Пірмахановадан өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші М.Жұмабаева 2023 жылдың сәуір айында, «Хоум» банкте жұмыс істейтін келіні Әнуарбек Ақманат кіріп, баласы үйленетін болғасын, келіні арқылы бұл платформаға 3 734 000 теңге салғанын, платформаға қалай кіргізгенін білмейтінін, бұл ақшаны сол келіні арқылы несие рәсімдеп, «Хоум» банктен алғанын, ақша салысымен ұялы телефонға сол чатқа да хабарлама келіп, онда дәрі-дәрмектің атауы, ақша салу уақыттары (3 сағаттық, 3 күндік) көрсетілгенін, келіні А.Әнуарбек



бәрін реттейтін осы Аягөз, сол балаң үйленгесін платформадан шығып кетесің дегенін, ақшаны осы Пірмаханова Аягөзге сеніп салғанын, осы Аягөздің сол чатта отырғанын және платформа жабылғанда, «Прогресс» кафесінде Аягөзді көргенін, ақшасы осы күнге дейін қайтпағанын, сол себепті А.Пірмахановадан 3 734 000 теңгені өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Д.Жұмабаев танысы Әнуарбек Ақманаттың шақыруымен 2023 жылдың 4 сәуірде «Нұрдаулет» дүкеніне келіп, сол жерде А.Әнуарбек қытай дәрісін сатып, ақша табуға болатынын, содан 900 000 теңге несие алып, А.Әнуарбектің шотына аударып, А.Әнуарбек «Бинансқа» кіргізгенін, «Бір болып біргеміз» чатқа осы Пірмаханова Аягөз кіргізгенін, ақша салып, 7 күндік дәрі өнімдер бар алып қалындар, өзінің пайда тауып отырғанын айтып, осы Аягөзді үгіттегенін, бұл үгіттеу жұмыстарын таңертең сол чат арқылы Аягөздің айтқанын, содан айтқандай ақша салғанын, көп ұзамай бұл ақша қайтпағанын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Н.Қапашов «Chia Tai» компаниясына қатысты платформаға жеңгесі Жайбергенова Бибігүл арқылы 2023 жылдың 13 наурызында кіріп, Бибігүлге барып, Аягөзбен ұялы телефонмен өзі сөйлесіп, Аягөз «Chia Tai» компаниясы заңды, дәрі-дәрмек сатып алуға ақша саласың, өзінің лидер екенін, пайда тауып отырғанын, кредит алып, адамдар тартасың дегесін, әйелі Бибігүлге көріп ал дегенін, содан өзінің, кейіннен наурыздың 18-де жұбайы Дүйсенова Айданамен, жалпы алғанда 1 981 249 теңгені өзі салып, қайтарылмағанын, 29 наурыз 2023 жылы жеңгесі Бибігүл Аягөз бастық кафеге ауыз ашарға шақырғанын, Бибігүл жездесі Қанатпен бірге ауыз ашарға барғанда, 70-тей адам болғанын, осы Аягөз қазақы киім киіп, өзінің, жанұясының осы компанияға кіріп, пайда тауып отырғанын сөйлеп, жеңгесі Бибігүлге Аягөз келіп, оған қалай жұмыс істеп, табыс тауып, лидерге шығасың деп, ортаға шығарып, сөйлеткенін, Аягөздің анасы сөйлеп, пайда тауып, үй салуға қыш алғандарын, Аягөз өздеріне қытаймен қыз бен жігіт ретінде, яғни «Қызжібек» пен «Төлегенге» ұқсап жүргендерін, ауыз ашардан кейін «Бір болып, біргеміз» деген чатта жазып қойғандарын, осы чаттада Аягөз күнде таңертең 3 сағаттық, басқада мерзімдерді көрсетіп, дәрі-дәрмекке ақша салындар деп, сөйлеп, үгіттеп, содан өзінің ақша салғанын, кейіннен бұл чат жабылып, ақшасы қайтпағанын, содан Аягөзге айтқанда, ол салық төлеу керектігін айтып, кешірім берейік деп, Аягөзді іздегенін, алайда жауап бермегенін, Аягөздің мектебіне барғанын, бұл 1981249 теңге қаржыны Пірмаханова Аягөзден өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші М.Алимбетова дәріханада қызметтесі Балқожаева Айгүлдің айтуымен, Абдупатаева Думанай деген келіні арқылы «Chia Tai» компаниясына «Бинанспен» ақша салып, пайда табасың дегесін сыртынан бақылап, өзі де көрейін деп, анасы және өз атынан алтындарын салып, несие ретінде алған 5 500 000 теңгені сол компанияға салып жібергенін, бұл ақшаны «Бір болып, біргеміз» деген чатта осы Думанай, Аягөз дегендер сол компанияның дәрі-дәрмектерін ұсынып, сатып



алуға ақша салындар дегенін, «Бинанс» істемей қалған кезде «Асонда» ас ішіп отырған Пірмаханова Аягөзді кездестіріп, ұялы телефонын оған көрсеткенін, ақша салғасын 13 күндей тұрып, 8 ай жұмыс істеген «Chia Tai» компаниясы жабылып қалғанын, бұл компанияны сол қытай Ян Мингті Қызылордаға Аягөз әкелмесе, қаржылық қиындыққа ұшырамас еді, несиетінде алған қаржыны айына 1000000 теңге банкке төлеп тұрғанын, дәлелдегені 4218 350 теңге екенін, осы қаржыны А.Пірмахановадан өндіріп беруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Есмаганбетов «Chia Tai» компаниясына әйелі Акбаева Гүлшаттың құрбысы Әлібекова Айгерім арқылы жұбайының кіргенін, келіншегін «Веранда» кафесіне ауыз ашарға жеткізгенін, кафеде сол Аягөздің сөйлеп, насихат жүргізгені туралы келіншегі айтқанын, әйелінен кейін өзін осы платформаға кіргізіп жіберіп, чатқа кіріп, бұл не дәрілер деп, наразылығын білдіргенде, әйелі басу айтқанын, чатта Пірмаханова Аягөз дәрілерді ұсынып, ақша салындар, 3 сағаттық, 3 күндік өнімдер бар, соған ақша салсаңдар, үстемелеп пайдасын көресіңдер деп сөйлеп, үгіттеу жүргізгенін, жалпы өзі 1 070 000 теңге салғанын, бұл ақшасы қайтпай, чат жабылып қалғасын А.Пірмаханованың жеке парақшасына шығып, аудиозвонокпен наразылығын білдіргенде А.Пірмаханова бұл компания жабылмайды, салықты күтіндер ақшаны қайтып аласыңдар дегенін, А.Пірмаханованы арыз жазуға шақырғанда екі рет келмей қалғанын, осы 1 070 000 теңге ақшаны өндіруді сұрағанын көрсетті.

Басты сот тақылауында жәбірленуші А.Әнуарбек өзінің «Хоум» банкте жұмыс істейтінін, Пірмаханова Аягөздің жақын құрбысы «Евразийский банкте» жұмыс жасайтын Жаппасбаева Әсем 2023 жылдың 1 наурызында кездесіп, Аягөз Қызылордаға «Chia Tai» компаниясын алып келіп, оның дәрілер сатумен айналысып, өзінің де осы компанияның өнімдерін сатып, екеуі де барлық қарыздарын жапқанын айтып, кіруге шақырғанын, келіспегеніне қарамастан, жеке куәлігін алып, Әсем өзін платформаға кіргізіп, алған 400000 теңге несиені платформаға өзінің, яғни А.Әнуарбектің атынан 6 күндік өнімге салып, сол 6 күннен кейін Әсем платформадан ақша шығарып, алған несиесін жауып, 40 000 теңгені өзіне бергенін, содан сеніп, сол платформадағы дәрілер өніміне 220 000 теңгені, 500 000 теңге өзі салғанын, бұл платформаға анасын, інісін кіргізгенін, артында 10 адам болғасын Әсем 180 000 теңгелік айлыққа шығып, «Арафат» кафесінде дастархан жайғанын, сол Әсем арқылы «Бір болып, біргеміз» деген чатқа кіргенін, онда негізінен Аягөз бен Ян Минг деген қытай сөйлейтін, уақытын көрсетіп, дәрілік өнімдерге ақша салуды күнделікті үгіттегенін, чатта көбінесе А.Пірмаханова жазып, үгіт-насихат жүргізіп отыратынын, шамалыдан кейін бұл платформа жабылып қалғанын, платформаға салған 4 062 000 теңгесі қайтпай, А.Пірмахановадан ақшаны өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Б.Мырзабек Бекзат танысы Сейтқасымова Құндызай Қазақстанға «Chia Tai» компаниясы келіп жатыр,



дәрілерге инвестиция жасайтынын айтқанын, сыртынан 1 айдай бақылап, Сейтқасымова Құндызай пайда көргенін айтқасын 2023 жылдың 1 сәуірінде анасынан қарыз алып, платформаға ақша салып, «Бір болып, біргеміз» деген чатқа кіргенін, чатта админ ретінде Пірмаханова Аягөз бен Ян Минг деген қытай азаматы болғанын, соңғының айтқаны түсініксіз болғасын, Аягөзді тыңдағанын, сол қытайдың айтқанын аударып, аудио жазатын, инвестицияға дәрі өнімдері шығып тұр, 3 сағаттық, 3 күндік, 30- 40 күндікке ақша салып, күнделікті проценттері болатынын айтып үгіттегенін, содан 40 күндікке алғашында 900 000 теңге, кейіннен 600 000 теңге салғанын, А.Пірмаханова сол чатта отырып, ақша болмаса, Ақманат пен Әсемге барып, рәсімдеп, несие алындар деп сөздерімен сенімді түрде үгіттеп, А.Пірмаханова адамдарды тартып отырғанын, 100 пайыз ақшаларыңды аласыңдар өнімге ақша салындар деп, чаттағы барлықтарын үгіттегенін, бұл платформада өзі 15 күндей болып, жабылып қалғанын, 1 500 000 теңгесі қайтпағанын, содан А.Пірмахановамен сөйлескенде, салық төлесендер ақшаны аласыңдар дегенін, осы істің басында жанталасып жүрген осы Пірмаханова Аягөз екенін, барлықтары осы А.Пірмахановаға сеніп кіргендерін, қалған қыздар Думанай, Әсемдер сырт жүргендерін, осы 1 500 000 теңге ақшаны өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Қарабеков қаржы салып, үстінен үстемелеп аласың дегесін, ағасы Жүнісбеков Шыңғыс арқылы осы топқа кіргенін, «Whatsapp» жүйесінде «Бір болып, біргеміз» деп, ашылған чатта жетекші Пірмаханова Аягөз деген ханым қытайдың «Chia Tai» компаниясының дәрі-дәрмектеріне ақша салсаңдар, үстемелеп, пайдасын көресіңдер, қытай азаматы Ян Минг ризамыз деп, сөз сөйлеп, бейнероликтер көрсетіп, өзінің табыс тауып отырғанын айтып, насихат жүргізгенін, ақшаны салу жолдарын осы Аягөз түсіндіргенін, сол Аягөздің сол Ян Минг туралы айтып, соның жол сілтеуімен 2 810 000 теңгені «Jusan» банктегі шот арқылы салғанын, келесі күні чат жабылып, ақшаның жоқ болып кеткенін, бұның бәрі пирамида екенін білгенін, бұл 2810 000 теңге ақшаны осы А.Пірмахановадан өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Ш.Жүнісбеков «Chia Tai» компаниясына көрші ағасы Оспанов Алтынбек арқылы кіргенін, телеграмм жүйесінде «Бір болып, біргеміз» деген чатты Пірмаханова Аягөз жүргізгенін, топтағы лидер Пірмаханова Аягөз топтағыларға пайда табу үшін ақша салындар деп, чатта сөйлегенін, группадан шот беріп, Л.Каримбаева, З.Омарова арқылы 1 550 000 теңгені аударғанын, өзіне 3000-4000 теңге көлемінде бонус түскенін, бірақ соманы ала алмай, бір апта өтпей бұл чаттың жабылып қалғанын, келген 1 550 000 теңге шығынды өндіріп беруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Шахаева танысы Ануарбек Ақманаттың айтуымен өзінің жинаған 790 000 теңге аударғанын, 2023 жылдың 8 сәуірінде «Chia Tai» компаниясының платформасына, чатқа кіргенін, чатта осы Аягөз ақша салу керек, 3 сағаттық, 2-3 күнге салып,



пайда табасындар деп сөйлегенін, алайда, кіргеннен соң 2-3 күннен кейін платформа жабылып қалып, ақшасының қайтпағанын, А.Пірмаханова басында болып бастағасын, сол 790 000 теңге қаржыны одан өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Р.Атымтаева жауабында, 2023 жылдың сәуірдің басында қызы Ануарбек Ақманаттың дәрі өндіретін фабрикаға ақша салып, көбейтуге болады деп айтқасын, шақырумен Ақманаттың танысы Әсемнің бұл компанияға кіргеніне 5-6 ай болғанын, Қызылордаға келген бұл компанияны жүргізіп отырған Аягөз екенін, пайда тауып отырғанын айтқасын, өзі сәуірдің 5,6 күндері несие ретінде алған 4 520 000 теңгені салып, бұл компанияға сол Әсем арқылы кіргенін, платформа жұмыс істеп, сәуірдің 17-не жабылып қалғанын, өзінің бұл платформаны толықтай білмейтінін, қызы Ақманат жүргізгенін, салған ақшасы қайтпағанын, осы компанияны қалаға алып келген сол Аягөз екенін, келген 4 520 000 теңге шығынды өндіріп беруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Асылбекұлы туған тәтесі Әнуарбек Ақманаттан дәрі өндіретін «Chia Tai» компания қалаға келіп, ақша салсаң көптеп шығарып аласың дегенін естіп, танысы Әсемге барып, 550 000 теңге несие алып, қолма-қол Әсемге беріп салғанын, сол Әсем арқылы платформаға кіріп, бұл қаржыны аталған компанияның дәрілеріне 1 жылға салып, «Бір болайық» деген чатқа енгізілгенін, платформада дәрілердің тізімдері көргенін, осы чатта Ян Минг деген қытай азаматы, Аягөз дәрілерге ақша салсаңдар, мынадай пайда табасындар деп насихаттар жүргізгенін, өзіне күніне 10 000 теңге түрінде өзіне бонус түсіп тұрғанын көргенін, алайда бұл платформа артынан жабылып, 550 000 теңге ақшасы қайтпағанын, өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Д.Төкен «Chia Tai» компаниясының платформасына танысы Жаппасбаева Әсем арқылы 2023 жылдың наурыздың аяғында кіріп, Әсем сол Аягөз туралы айтқанын, Аягөзді қаладағы «Фристайл» сауда дүкені ішінде көріп, бұл компания әзір жабылмайды, қорықпай ақша сала беріңдер деп үгіттеп, сендіргенін, бұл платформаға бөліп, жалпы алғанда 2 670 000 теңге салғанын, чатта админ ретінде Ян Минг, Аягөз болғанын, ақша түспегенде Ян Минг группадан шығып кетіп, сол кезде осы Пірмаханова Аягөз адамдар табайық, ақша салайық деп барлығына насихат жүргізгенін, бұл компанияны Қызылорда қаласына алып келіп, басында жүрген А.Пірмаханова болғандықтан одан осы 2 670 000 теңге ақшаны өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Серікбаева 2023 жылдың наурыз айында танысы Жанар Қызылордаға дәрі сататын «Chia Tai» компаниясы келіп, оны жүргізіп отырған Мақпал және Аягөз есімді таныстары екенін, өзіне кіресің бе деп ұсыныс жасағанын, бастапқыда келіспей, кейіннен кіріп, 20000 теңге алғашқы рет салғанын, бұған қоса Жанар өзіне видео көрсетіп, онда Аягөз барлық Қызылордалықтарды жинап алып, бұл компанияны Қызылорда қаласына өзі әкеліп, пайда көріп отырғаны



туралы іс-шараны жүргізгенін, чатқа Пірмаханова Аягөз кіргізгенін, содан сеніп, Жанар арқылы Аягөзге 200 000 теңгеден 2 рет салып, несие алып, жалпы алғанда 2 323 000 теңге салғанын, чатта админ ретінде Аягөз, Ян Минг отырғанын, Аягөз чатқа 24 сағат отырып, өздеріне «1, 2, 3 сағаттық өнімдерге ақша салыңдар көбейтіп аласыңдар, неге сенбейсіңдер ақша салыңдар, болмаса кредит алыңдар, стартта отырыңдар, 1, 2, 3 минут қалды, ақша салыңдар, ақшаларды еселеп аласыңдар» деп, үгіт-сабақтарын күшейткенін, 2023 жылдың 11 сәуірінде бұл платформаға сенбей, Аягөзге ақшаны шешілмей жатқанын айтқанда, Аягөз чатта «қыздар шамалы шыдай тұрыңдар, ақшаларың түседі, налогты төлесендер, ақшаларды аласың» -деп, насихат жүргізіп, сендіргенін, ақырында Аягөз чатта ақшаның аласыңдар деп өздеріне қарсы сөйлеп, уақыттарын алып, күткенін, кейіннен тақырға отырып, алданғанын білгенін, ақшасының қайтпай, бұл 2323000 теңге қаржыны Пірмаханова Аягөзден өндіріп беруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Н.Сарман 2023 жылдың басында Жаппасбаева Әсем деген танысы «Chia Tai» компаниясының чатына қосқанын, наурызда Әсемнің артынан адамдарды тіркеп, айлыққа шығып, «Арафат» кафесіне дастархан жайғанын, содан Әсемнің үгіттеумен, платформаға 5009000 теңге ақша салғанын, анасы мен жұмысындағы 2 кісінің өзі арқылы ақша салғанын, чатты Пірмханова Аягөз бен Ян Минг деген қытай азаматы жүргізіп, онда күнделікті таңертең барлығымен амандасып, сол күнге шыққан өнімдер жөнінде, қалай қаржы салу керектігі туралы түсіндіргендерін, өзінің «Веранда» кафесіндегі ауызашарға барғанын, сол жиылыста Пірмаханова Аягөз «LED» экранда«Chia Tai» компаниясы жөнінде, Ян Минг деген қытаймен қалай танысқаны, өздерінің табыстары, соңынан 164 адамның тіркелгені туралы айтып, насихат жұмыстарын жүргізгенін, бұл платформаға өзінің 5009000 теңге салып, қайтпағанын, бұл қаржыны осы компанияны Қызылорда қаласына алып келген Пірмаханова Аягөзден өндіруді сұрайтынын көрсетті.

Басты сот талқылауында куә Ғ.Қонысбек «Веранда» кафесінде аға официант болып жұмыс істегенін, 2023 жылдың шамамен 27 наурызында осы Пірмаханова Аягөздің 50 адамға деп, ауызашарға тапсырыс бергенін, содан келісілген уақытта адамдар жиналып, плакат көрсетілгенін, Аягөз кассаға келіп есеп айырысқанын көрсетті.

Басты сот талқылауында куә Д.Абдулпаттаева Пірмаханова Аягөзді «Chia Tai» компаниясынан танитынын, басшылық жасағанын, танысы Жаппасбаева Әсем «Chia Tai» компаниясы онкология емдеумен айналысады дегесін сеніп, өзінің сол компанияға инвестиция салып пайда тапқанын айтқасын, қызығып, өзі де сол Әсем арқылы 2023 жылдың 3 ақпанында 10 000 теңге салып, тіркелгенін, жекеге Ян Минг шығып, насихаттағанын, өзінің ешкімді шақырмағанын, үгіттемегенін, Сейтқасымова Құндызайға платформаға кіруге көмектескенін, алайда кіруге ешкімге насихат жүргізмегенін, соңында 10 адам болмағанын, сол себепті лидер еместігін, А.Пірмаханова чатта админ ретінде адам тіркеу керектігі, Астанада ЭКСПО-



да бір жылдықты өткізетіні және сол компанияның дәрілік өнімдерін айтып, чатқа тіркелгендерге жеткізгенін, содан осы платформа жабылып қалғанын көрсетті.

Басты сот талқылауында куә М.Алибекова Аягөз Пірмаханованы танытынын, Аягөз «Chia Tai» компаниясының платформасына кіріп, өзіне кірсей дегенін, басында кірмегенін, бір апта өткесін тағы да сол Аягөз Пірмаханова жұмысына келіп, тағыда насихат жүргізіп, 2023 жылдың қаңтарында бұл компанияның платформасына 20 000 теңге салып, Аягөз өзінің куәлігін алып, тіркеп, кіргізгенін, қытайға телефон номерін Аягөз бергенін Аягөз өзіне 600 000 теңге салып 66 мың теңге пайда көргенін айтқанын, чатта админ ретінде қытай кісі мен А.Пірмаханова болғанын, платформада дәрілік өнімдерді сатып алса, үстінен қоса ақша алып, пайда табатыны туралы сол админ ретінде қытай және А.Пірмахановның күнделікті айтып, үгіттегенін, «Веранда» кафесіне ауызашарға барғанын, А.Пірмаханова сол отырыста Yang Ming қытаймен ғаламтор арқылы танысып, соның айтуымен «Chia Tai» компаниясына кіріп, пайда тапқанын, 180 000 теңге айлық алып отырғанын, сол отырыста телевизор арқылы аталған компания туралы көрсеткенін, сол қытайдың, А.Пірмаханованың айтуымен кісілер тартқанын, айлыққа шыққанда соңында платформа жабылып қалғанын, «Бір болып біргеміз» деген чатта қытай азаматы, А.Пірмаханова, Жаппасбаева Әсемнің админ болғанын, кейіннен өзін тіркегенін көрсетті.

Басты сот талқылауында куә С.Жаппасбаева 2022 жылдың қараша айында танысы Пірмаханова Аягөз ұялы телефонына дәрі шығаратын «Chia Tai» компаниясы туралы айтып, ақша салсаң, процент аласың дегесін, басында кірмей, кейіннен сол Аягөз арқылы кіргенін, Аягөз платформаны қалай жұмыс істеп, қалай ақша салу керек екендігі үйреткенін, басында 5 мың теңге салып, 1-2 мың теңге пайда көріп, платформадан «народный» банктен шотына аударып, аталған соманы алғанын, Ян Минг деген қытай азаматы чатта ақпарат жазып, соны көшіріп, чаттағыларға жіберіп отырғанын, оның ішінде Аягөз де компанияның өнімдерін айтқанын, бұл платформаға жанұясының барлығын кіргізіп, ақша салғандарын, 2024 жылдың наурыз, сәуір айында ауырып, ауруханада жатқанын, чатта админ болып Пірмаханова Аягөз, Мақпал, өзі және Ян Минг деген қытай азаматы болғанын, 4 000 000 теңге ақша салып, алғаны 400 000 мен 500 000-дай екенін, шығынға отырғанын, платформаға біршама адамдар кіргенін, А.Пірмаханованың айлыққа шыққанын білетінін көрсетті.

Басты сот талқылауында қосымша куә А.Есмаганбетов 2023 жылдың сәуірінде Қытай азаматары туралы арызданып, тіркелгенін, басқалармен қатар Пірмаханова Аягөздің арызы болғанын, тергеудің бастапқы кезде дәлелдеме жеткіліксіз болғандықтан оны күдікті ретінде тану туралы қаулы қабылдамағанын, десек те, А.Пірмаханованың әрекетіне қатысты 26 адам көрсетуіне байланысты оны күдікті ретінде танып, Қызылорда облыстық прокуратурасына жолдап, бірақ та қаулысы бұзылып, қолданбағанын, алайда, бұл қаулы Департамент басшысы Қайшыбековтың Бас



прокуратураға шағымдануы негізінде бұзылып, АА.Пірмаханованың күдікті ретінде танылғанын, сырқаттануына байланысты қылмыстық істің тергеуін басқа тергеушіге бергенін көрсетті.

Басты сот тақылауында қосымша куә П.Ержанова Пірмаханова Аягөздің анасы екенін, екі баласы бар, күйеуінен ажырасып кеткенін, Аягөз үстінен «5-10 теңге» пайдасын көргесін, өздеріне процент көрейік деп Ян Минг деген қытай деген жеке парақшаға кіріп, үгіт-насихат жасағасын, 420000 теңге салғанын, содан өзінің ақша көріп, қызығып, тағы да 600000 теңге салғанын, сол қытайдың айтуымен кредит алғанын, ауызашарға барғанын, қаржыны бөлген сол Ян Минг екенін, жиылыста өзінің қаржы салып, процент көріп отырғанын көпшілікке айтқанын көрсетті.

Сонымен қатар, сотталушы А.Пірмаханованың қаржылық пирамиданың жұмысымен Қызылорда қаласында тікелей айналысып, адамдар тартып, оларға аса ірі көлемде ақша салдырғаны басты сот талқылауында жарияланған қаржылық құжаттарға жүргізген маманның және сарапшылардың қорытындыларымен толықтай дәлелін тапқан.

Атап, айтқанда, іс бойынша экономикалық зерттеу жүргізген маманның 27.05.2023 жылғы №47 қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған А.Пірмаханованың банктік есеп-шоттарына 01.11.2022-17.04.2023 жылдар аралығында жалпы 178 586 973,68 теңге ақша түскен және сол аралықта 178488748,58 теңге шығысталған. Сондай-ақ, қорытындының №13 қосымшасына сәйкес, көрсетілген аралықта А.Пірмаханованың жұмыс орны №43 орта мектептен алған жалақысы тек 2 608 356 теңгені құрайтыны бекітілген.

14.06.2023 жылғы криминалистикалық маман қорытындысына сәйкес 1. Зерттеуге ұсынылған А.Пірмаханованың, Д.Абдулпаттаеваның, М.Алибекованың, А.Жаппасбаеваның банктік есеп-шоттары бойынша үзінділеріне сәйкес, 01.11.2022 - 17.04.2023 жылдар аралығында тізімі жоғарыда көрсетілген А.Есмаганбетов, Б.Жайбергенова, Д.Төкен, Г.Акбаева, Г.Шайманова, Б.Мырзабек, М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Э.Есмагамбетова, А.Байсариева, А.Шахаева, Н.Рахманов, Ж.Бөлекбаева, Ж.Куанышбекқызы, П.Ержанова, З.Асанова, А.Асылбекулы, А.Әнуарбек, Б.Молдахожаева, А.Балтабаева, Ж.Мінайдар, М.Алимбетова, А.Баймбетова салымшылардан А.Пірмаханованың есеп-шоттарына 9594017 теңге, Д.Абдулпаттаеваның есеп-шоттарына 8996287 теңге, М.Алибекованың есеп-шоттарына 3 776745 теңге, А.Жаппасбаеваның есеп-шоттарына 6 416106 теңге, жалпы 28783155 теңге ақша қаражаттары түскен.

2.Зерттеуге ұсынылған А.Пірмаханованың, Д.Абдулпаттаеваның, М.Алибекованың, А.Жаппасбаеваның банктік есеп-шоттары бойынша үзінділеріне сәйкес, 01.11.2022 - 17.04.2023 жылдар аралығында тізімі жоғарыда көрсетілген А.Есмаганбетов, Б.Жайбергенова, Д.Төкен, Г.Акбаева, Г.Шайманова, Б.Мырзабек, М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Э.Есмагамбетова, А.Байсариева, А.Шахаева, Н.Рахманов, Ж.Бөлекбаева, Ж.Куанышбекқызы, П.Ержанова, З.Асанова, А.Асылбекулы, А.Әнуарбек, Б.Молдахожаева;



А.Балтабаева, Ж.Мінайдар, М.Алимбетова, А.Баймбетова салымшыларға А.Пірмаханованың есеп-шоттарынан 2 740297 теңге, Д.Абдулпаттаеваның есеп-шоттарынан 4768050 теңге, М.Алибекованың есеп-шоттарынан 1 809 842 теңге, А.Жаппасбаеваның есеп-шоттарынан 2 068420 теңге, жалпы 11386609 теңге ақша қаражаттары шығысталған.

Зерттеуге ұсынылған А.Пірмаханованың, Д.Абдулпаттаеваның, М.Алибекованың, А.Жаппасбаеваның банктік есеп-шоттары бойынша үзінділеріне сәйкес, 01.11.2022 - 17.04.2023 жылдар аралығында тізімі жоғарыда көрсетілген А.Есмаганбетов, Б.Жайбергенова, Д.Төкен, Г.Акбаева, Г.Шайманова, Б.Мырзабек, М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Э.Есмагамбетова, А.Байсариева, А.Шахаева, Н.Рахманов, Ж.Бөлекбаева, Ж.Куанышбекқызы, П.Ержанова, З.Асанова, А.Асылбекулы, А.Әнуарбек, Б.Молдахожаева, А.Балтабаева, Ж.Мінайдар, М.Алимбетова, А.Баймбетова салымшылардан А.Пірмахановаға, Д.Абдулпаттаеваға, М.Алибековаға және А.Жаппасбаеваға түскен қаражат және шығысталған қаражаттың айырмасы 17396546 теңгені құрайтыны бекітілген.

Жүргізілген 16.10.2023 жылғы №1918 санды сот бухгалтерлік сарапшының қорытындысының тұжырымына сәйкес: 1. Зерттеуге ұсынылған құжаттардың мәліметтерінің дұрыстығына сай А.Пірмаханованың, Д.Абдулпаттаеваның, М.Алибекованың, А.Жаппасбаеваның банктік есеп-шоттары бойынша үзінділеріне сәйкес, 01.11.2022 - 17.04.2023 жылдар аралығында тізімі жоғарыда көрсетілген А.Есмаганбетов, Н.Қапашов, Б.Жайбергенова, Д.Төкен, Г.Акбаева, Г.Шайманова, Б.Мырзабек, М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Э.Есмагамбетова, А.Байсариева, А.Шахаева, Н.Рахманов, Ж.Бөлекбаева, Ж.Куанышбекқызы, П.Ержанова, З.Асанова, А.Асылбекулы, А.Әнуарбек, Б.Молдахожаева, А.Балтабаева, Ж.Мінайдар, М.Алимбетова, А.Баймбетова салымшылардан А.Пірмаханованың есеп-шоттарына 9 593 517 теңге, Д.Абдулпаттаеваның есеп-шоттарына 11 054 287 теңге, М.Алибекованың есеп-шоттарына 3 876 745 теңге, А.Жаппасбаеваның есеп-шоттарына 6 924 206 теңге, жалпы 31 448 755 теңге ақша қаражаттары түскен.

Зерттеуге ұсынылған құжаттардың мәліметтерінің дұрыстығына сай А.Пірмаханованың, Д.Абдулпаттаеваның, М.Алибекованың, А.Жаппасбаеваның банктік есеп-шоттары бойынша үзінділеріне сәйкес, 01.11.2022 - 17.04.2023 жылдар аралығында тізімі жоғарыда көрсетілген А.Есмаганбетов, Н.Қапашов, Б.Жайбергенова, Д.Төкен, Г.Акбаева, Г.Шайманова, Б.Мырзабек, М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Э.Есмагамбетова, А.Байсариева, А.Шахаева, Н.Рахманов, Ж.Бөлекбаева, Ж.Куанышбекқызы, П.Ержанова, З.Асанова, А.Асылбекулы, А.Әнуарбек, Б.Молдахожаева; А.Балтабаева, Ж.Мінайдар, М.Алимбетова, А.Баймбетова салымшыларға А.Пірмаханованың есеп-шоттарынан 2 739 797 теңге, Д.Абдулпаттаеваның есеп-шоттарынан 4 886 050 теңге, М.Алибекованың есеп-шоттарынан 1 809 362 теңге, А.Жаппасбаеваның есеп-шоттарынан 2 099 420 теңге, жалпы 11 534 629 теңге ақша қаражаттары шығысталған.



Зерттеуге ұсынылған құжаттардың мәліметтерінің дұрыстығына сай А.Пірмаханованың, Д.Абдулпаттаеваның, М.Алибекованың, А.Жаппасбаеваның банктік есеп-шоттары бойынша үзінділеріне сәйкес, 01.11.2022 - 17.04.2023 жылдар аралығында тізімі жоғарыда көрсетілген А.Есмаганбетов, Н.Қапашов, Б.Жайбергенова, Д.Төкен, Г.Ақбаева, Г.Шайманова, Б.Мырзабек, М.Әуезова, Қ.Сейткасымова, Э.Есмагамбетова, А.Байсариева, А.Шахаева, Н.Рахманов, Ж.Бөлекбаева, Ж.Куанышбекқызы, П.Ержанова, З.Асанова, А.Асылбекулы, А.Әнуарбек, Б.Молдахожаева, А.Балтабаева, Ж.Мінайдар, М.Алимбетова, А.Баймбетова салымшылардан А.Пірмахановаға, Д.Абдулпаттаеваға, М.Алибековаға және А.Жаппасбаеваға түскен қаражат және шығысталған қаражаттың айырмасы 19 914 126 теңгені құрайтыны бекітілген.

Жүргізілген 23.06.2023 жылғы №1160 санды сот психолого-филологиялық қорытындысының тұжырымына сәйкес зерттеуге берілген материалдарда қандай да бір платформада отырып өзге тұлғаларды тарту арқылы ақшалай пайда табу мүмкіндігі туралы мәліметтер келтірілген.

Зерттеуге ұсынылған «202303329\_195158» файлындағы бейнежазбаның және «WhatsApp» желісі арқылы таратылған ауызша хабарламалардың жалпы бағыты-адамдар тобына қандай да бір платформа туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу және ол туралы ақпараттар беру; өздерінің жеткен жетістіктерін айта отырып, платформаға кіріп, адам тарту арқылы пайда көруге шақыру; команда жинау арқылы табысты арттыруға болатының жеткізу; платформаның жұмыс барысы мен пайда табу шарттарын егжей-тегжейлі түсіндіру; сол арқылы тұлғаларды платформаға ақша қаражатын салуға итермелеу болып табылатыны тұжырым етілген.

Жария етілген сарапшы мен мамандардың қорытындысына қарағанда сотталушы А.Пірмаханованың «Chia Tai» қаржылық пирамидасының Қызылорда қаласындағы бөлімшесінің жұмысында белсенділік танытып, көптеген адамдардың ақша салуына нақты ықпал еткенін аңғартады.

Сотта мемлекеттік айыптаушы А.Сматов айыптан жәбірленушілер Ж.Абдукаимова және М.Ауезоваға қатысты бөлігін алып тастауды, себебі олар тергеу органымен іс бойынша жәбірленуші деп танылмағанын, жәбірленуші ретінде жауап алынбағанын, жауаптарын бекітетін заттай дәлелдемелер алынып, іске тіркелмегенін, оларға қанша шығын келгені анықталмағанын, талап арыз алынбағанын, азаматтық талапкер деп танылмағанын, жәбірленушілерге келген нақты шығын 51495218 теңге екенін, айыптау актіге сәйкес, сөйтіп, Пірмаханова Аягөз Оразайханқызы, аса ірі мөлшерде ақшаны тарта отырып жасалған қаржылық (инвестициялық) пирамиданың құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету, яғни тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке тұлғалардың ақшасын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті



ұйымдастырғанын, жәбірленушілерге келген нақты шығын 51495218 теңге екенін қолдайтынын көрсетті.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 337-бабының 6-бөлігінде прокурор айыптауды қолдай отырып, заң талаптарын және істің барлық мән-жайларының қаралу нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі сенімін басшылыққа алады. Прокурор айыптауды өзгерте алады. Прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген түйінге келсе, айыптаудан (толық немесе ішінара) бас тартуға міндетті. Сот тергеуі немесе сот жарыссөзі кезінде мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына жол беріледі.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 340-бабының 1-бөлігінің талабына сәйкес басты сот талқылауы тек сотталушыға қатысты және оның сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізіледі.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 4) тармағында сот талқылауының шегі айыптау актісін жасау кезінде тұжырымдалып тағылған айыппен шектеледі.

Басты сот талқылауында адвокат М.Даубалаев пен сотталушы А.Пірмаханова соңғының адвокаттың қатысуында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында берген жауаптарымен келісетінін мәлім етті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сотталушы А.Пірмаханованың берген қылмыстық істің 3 томы 163-164 бетіндегі жауабына қарағанда, соңынан өзінің анасын, Жаппасбаева Әсемді, Алибекова Мақпалды, Беркімбаева Салтанатты тіркеп, тіркелген адамдар санының нәтижесінде өзінің 180 000 теңге айлыққа жеткенін, соңындағы 2 адамның айлыққа жетуіне байланысты айлығы 360 000 теңге болып, аталған соманы 2 рет алғанын көрсетсе, істің 9-шы томы 89-99 бетіндегі жауабында Ян Минг арқылы «Телеграмм» әлеуметтік желісіндегі «Zgenda Group» элитная топқа қосылып, оған ақша салып, 10 000-20 000 теңге көлемде пайда тапқанын, ақша салып, соңынан бауырлары Балтабайдың, Ақеркенің, Ержанов Ерболаттың, жеңшесі Айманның кіргенін, «Whatsapp» жүйесіндегі «Біз біргеміз» деген чатты жүргізіп, салымшылардың сұрақтарына жауап бергенін, Ян Мингтің айтуымен кеш, отырыстарды ұйымдастырғанын, салымшылардан ақша қабылдау рәсімі, платформада көрсетілген реквизиттер бойынша ақша қаражатын аударып, аударғаны туралы түбіртектегі салымшыларға жіберіп, платформада көрініп тұратынын, шотында лимит бітіп қалған адамдарға олардың платформасына ақша салып көмектесетін, өзінде ақша таусылғанда салымшылар арқылы платформасына ақша салдыратынын көрсеткен.

Осы жауаптарға қарағанда сотталушы А.Пірмаханованың қаржы пирамиданың жұмысына белсенді қатысып, халық арасында кеңінен етек алуына әсерін тигізген деуге Сот негіз бар деп есептейді.

Қорғаушы М.Даубалаев басты сот талқылаудағы жарыс сөзінде қорғауындағы сотталушы А.О.Пірмханованың әрекетінде ҚК-тің 217-



бабының 3-бөлігінің 2-тармағында қаралған қылмыс белгілері болмағандықтан ақтап, оның әрекетін ҚК-тің 217-1-бабының 1- бөлігіне саралауды, ҚК-нің 74 бабын қолдануды сұраған.

Қорғаушының бұл өтінішхаты басты сот талқылаумен анықталып, бекітілген деректермен бірге қаралып, келесі себептерге байланысты қанағаттандырылуға жатпайды деп сот есептейді.

Басты сот талқылауында сотталушы А.Пірмаханова «Chia Tai» қаржылық пирамиданың қызметін жарнамалаумен қатар, бұл пирамиданы Қызылорда қаласына алып келіп, «Бір болып, біргеміз» деген чат ашып, өзінің артынан адамдар тартып, лидер болып, чаттағы адамдарға «маған сенесіңдер 3 сағаттық, 3 күндік және 1 апталық мерзімге дәрілерге ақша салсаңдар, ақшадан көре алмай қаласыңдар, сендер түсінбейсіңдер», деп өзінің соңында көп адамдар бар екенін, жанұясымен қыруар пайда көріп отырғанын көрсеткен, «өзім сияқты сендер неге пайда таппайсыңдар, қош келдіңіз, бірге дамимыз, кемпір берсең шал аласың, шал алсаң кемпір аласың бірге байимыз» деп, «ақша салыңдар» деп үгіттеді деген жәбірленушілер Г.Ақбаеваның, Э.Есмаганбетованың, М.Ауезованың, Б.Молдахожаеваның, Б.Жайбергенованың жауаптары аталмыш пирамиданың Қызылорда қаласында құрылып, оның бөлімшесіне басшылық жасаған деуге толық негіз бар екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, сотталушы А.Пірмаханова аталған қаржы пирамидаға Қызылорда қаласында көп адамдар тартылып, кеңінен жұмыс істетуде «Veranda Asian House» мейрамханасына жинап, оларға осы компанияның қызметі, жеткен жетістіктері, дәрілік заттары мен салымшылардың алдағы уақытта алатын пайдасы туралы, өзінің пайда тауып отырғаны туралы әр түрлі үгіт насихат жасап, ұйымдастырған.

Бұдан бөлек сотталушы А.Пірмаханова соттағы берген жауабында, қаржылық пирамида «Chia Tai» компаниясынан 180 000 теңге, одан кейін 360 000 айлық алып, VIP-3 деңгейге дейін көтеріліп, процент алып, бұл ақшаны қарыздарын жауып, ақшасы көбейе берсін деп, сол платформаға салып отырғанын көрсеткен.

Басты сот талқылауымен анықталған нақты осы деректер сотталушы А.Пірмаханованың әрекетінде «Chia Tai Pharmaceutical» қаржылық пирамидасының Қызылорда қаласында жұмыс істеуінде белсенділік, яғни оған басшылық жасаған деуге негіз бар деп есептейді.

Қазақстан Республикасының ҚК-нің 74-бабының 1-бөлігінде сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас балалары бар сотталған әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруы мүмкін делінген.

Алайда, сотталушы А.Пірмаханованың 2015 жылы 27 маусымда туылған Балғабай Нұрайша Шыңғысқызы, 2016 жылы 04 шілдеде туылған Балғабай Нұрғиса Шыңғысұлы атты жас кәмелетке толмаған балалары



болғанымен, оның жасаған қылмысының ауыр санатқа жататынын және осы уақытқа дейін жәбірленушілерге келтірген зияндардың орнын толтырмауын, жәбірленушілердің кешірім бермеуін ескеріп, Қазақстан Республикасының ҚК-нің 74-бабы қолданылуға жатпайды деп сот санайды.

Сотталушы А.Пірмаханованың, қорғаушылардың оның жеке дербес шотындағы қаржы айналымын тексеру мақсатында «Жусан банк», «Халық банк», «Форте банк», «Банк центр Кредит» банктерінен ақпараттарды алу туралы өтінішхаты сотпен негізінен қаралды.

Өтінішхатта көрсетілген банктерден сотталушы А.Пірмаханованың шоттары туралы мәліметтер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған (қылмыстың істің 14 томы 2б, 6 том 139б- 7 том 112 беттері). Сол себепті бұл мәліметтерді аталмыш банктерден қайтадан алуға негіз жоқ деп есептейді.

Сотталушы А.Пірмаханованың кінәсі Қызылорда қалалық ПБ-ның тергеушісінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтің табылуы туралы баянаттарымен, ал жүргізу хаттамаларымен, іске тіркелген «Veranda Asian House» мейрамханасынан алынған бейнебақылау түсірілімдерімен, жәбірленушілер М.Әуезованың, К.Сейткасымованың, Б.Мырзабектің, Б.Молдахожаяеваның, Г.Ақбаеваның, А.Есмаганбетовтің, Н.Қапашовтың, Г.Шайманованың, Д.Төкеннің, М.Алимбетованың, А.Серикбаеваның, А.Қарабековтің, Ш.Жүнісбековтің, Д.Жұмабаевтың, Р.Сарузенованың, Э.Есмаганбетованың, А.Балабаеваның, А.Даутбаеваның, Н.Сарманның, Б.Жайбергенованың, А.Шахаеваның, Р.Атымтаеваның, А.Асылбекұлының, А.Әнуарбектің, М.Жұмабаеваның, куәлер Ғ.Қонысбек, Д.Абдулпаттаева, М.Алибекова С.Жаппасбаеваның сотта берген жауаптарымен, іс құжаттарына тіркелген жәбірленушілердің арыздарымен, жәбірленуші Д.Төкеннен жауап алу хаттамасымен (2-том 75-78бет), жәбірленуші Н.Қапашовтан қосымша жауап алу хаттамасымен (3-том 105-107бет), жәбірленуші Қ.Сейткасымовадан қосымша жауап алу хаттамасымен (3-том 124-126бет), жәбірленуші Қ.Сейткасымовадан жауап алу хаттамасымен, А.Пірмаханованың қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (3-том 161-164бет), жәбірленуші Г.Ақбаевадан қосымша жауап алу хаттамасымен (4-том 22-24 бет) жәбірленуші Г.Ақбаевадан жауап алу хаттамасымен, Д.Абдулпаттаеваның қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (4-том 33-36 бет), А.Жаппасбаеваның қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (4-том 37-40 бет), М.Алибекованың қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (4-том 41-43 бет) куә Ғ.Қонысбектен жауап алу хаттамаларымен және фотосурет арқылы тану хаттамаларымен (4-том 78-80 бет, 81-83 бет) жәбірленуші Б.Жайбергенованың жауап алу хаттамасымен (4-том 138-144 бет), 16.05.2023 жылғы №44 санды Қызылорда облысы бойынша ЭТД бас криминалисті Ж.Наурызбаевтың маман қорытындысымен (5-том 63-77 бет); жәбірленуші А.Әнуарбектың жауап алу хаттамасымен (5-том 98-101 бет); жәбірленуші А.Асылбекұлының жауап алу хаттамасымен (5-том 132-



135 бет), жәбірленуші А.Қарабековтың жауап алу хаттамасымен (5-том 142-145 жәбірленуші Д.Жұмабаевтан жауап алу хаттамасымен (6-том 24-26 бет), жәбірленуші Э.Есмаганбетовадан жауап алу хаттамасымен (6-том 37-39 бет), жәбірленуші А.Балабаевадан жауап алу хаттамасымен (6-том 63-65 бет), жәбірленуші Р.Сарузенотадан жауап алу хаттамасымен (6-том 72-74 бет), жәбірленуші Ш.Жүнісбековтың жауап алу хаттамасымен (6-том 84-87 бет), жәбірленуші Н.Сарманнан жауап алу хаттамасымен (6-том 104-107 бет), 27.05.2023 жылғы №47 санды Қызылорда облысы бойынша ЭТД-нің Криминалистика бөлімінің басшысы Б.Садиковтың маман қорытындысымен (6-том 133-180 бет, 7-том 1-117 бет), жәбірленуші А.Даутбаевадан жауап алу хаттамасымен (7-том 104-107 бет), жәбірленуші А.Шахаеваның жауап алу хаттамасымен (8-том 29-31 бет), жәбірленуші М.Алимбетованың жауап алу хаттамасымен (8-том 38-40 бет), 14.06.2023 жылғы №49 санды Қызылорда облысы бойынша ЭТД-нің Криминалистика бөлімінің басшысы Б.Садиковтың маман қорытындысымен (8-том 79-123 бет), 23.06.2023 жылғы №1160 санды Қызылорда облысы бойынша Сот сараптамалары институтының бас сарапшысы А.Жуматаеваның сарапшы қорытындысымен (8-том 124-137 бет), жәбірленуші А.Серикбаеваның жауап алу хаттамасымен (9-том 73-40 бет), А.Пірмаханованың күдікті ретінде берген жауап алу хаттамасымен (9-том 89-101 бет), күдікті А.Пірмаханова мен жәбірленуші Г.Ақбаеваны беттестіру хаттамасымен, 16.10.2023 жылғы №1918 санды Қызылорда облысы бойынша Сот сараптамалары институтының бас сарапшысы И.Нуримбетованың сарапшы қорытындысымен (10-том 1-25 бет); А.Пірмаханованың күдікті ретінде қосымша берген жауап алу хаттамасымен (10-том 32-35 бет), Д.Абдулпаттаеваның қосымша қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (10-том 56-61 бет), М.Алибекованың қосымша қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (10-том 95-97 бет), А.Жаппасбаеваның қорғалуға құқығы бар куә ретінде берген жауап алу хаттамасымен (10-том 99-106 бет), жәбірленуші Н.Қапашовтан қосымша жауап алу хаттамасымен (10-том 127-133 бет), жәбірленуші Г.Шаймановадан қосымша жауап алу хаттамасымен (10-том 142-148 бет); жәбірленуші Д.Төкеннен қосымша жауап алу хаттамасымен (10-том 150-157 бет), жәбірленуші Б.Мырзабектен қосымша жауап алу хаттамасымен (10-том 169-176 бет), жәбірленуші А.Есмаганбетовтен қосымша жауап алу хаттамасымен (11-том 16-23 бет) жәбірленуші А.Даутбаевадан қосымша жауап алу хаттамасымен (11-том 29-37 бет); жәбірленуші А.Даутбаевадан қосымша жауап алу хаттамасымен (11-том 47-57 бет), Мемлекеттік кірістер комитетінен келіп түскен жауап (11-том 72-73 бет), жәбірленуші М.Алибетовадан қосымша жауап алу хаттамасымен (11-том 77-87 бет), жәбірленуші Р.Сарузенотадан қосымша жауап алу хаттамасымен (11-том 114-122 бет), жәбірленуші Э.Есмаганбетовадан қосымша жауап алу хаттамасымен (11-том 126-134 бет), жәбірленуші А.Балтабаевадан қосымша



жауап алу хаттамасымен (11-том 126-134 бет), жәбірленуші Қ.Сейткасымовадан қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том 1-9 бет), жәбірленуші Б.Молдахожаяевдан қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том 40-48 бет), жәбірленуші А.Қарабековтен қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том 54- 61бет), жәбірленуші Ш.Жүнісбековтен қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том 77-84бет), жәбірленуші Г.Ақбаевдан қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том 110-117 бет), жәбірленуші Д.Жұмабаевдан қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том 120-127 бет), жәбірленуші Б.Жайбергеновадан қосымша жауап алу хаттамасымен (12-том120-127бет), жәбірленуші А.Шахаевдан қосымша жауап алу хаттамасымен (13-том 1-8 бет);жәбірленуші Р.Атымтаевдан қосымша жауап алу хаттамасымен (13-том 12-19бет),жәбірленуші М.Жумабаевдан қосымша жауап алу хаттамасымен (13-том 50-56бет), жәбірленуші А.Әнуарбектен қосымша жауап алу хаттамасымен (13-том70-81 бет) және басқа да іс құжаттарымен дәлелін табады.

ҚПК-нің 125-бабының 4-бөлігінің талабына сәйкес қылмыстық қудалау органының нәрселерді қарап-тексеріп алу жүргізу туралы қаулысы мен алу жүргізу туралы хаттамасы осы Кодекстің 119,219,220-баптарының талабына сай жасалғандықтан жол берілетін дәлелдеме деп танылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №16 «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» нормативтік қаулысының 11 тармағының талабына сәйкес сот сарапшының қорытындылары басқа дәлелдемелермен қоса талданып, салыстырылып, бағаланып дәлелдеме деп танылуға жатады деп табады.

Сот, басты сот талқылауында жинақталған дәлелдемелер оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп бағалануға жатады деп табады.

Сотталушы Пірмаханова Аягөз Оразайханқызының іс-әрекеті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 217-бабының 3-бөлігінің 2) тармағымен дұрыс сараланған, себебі, ол аса ірі мөлшерде ақшаны тарта отырып жасалған қаржылық (инвестициялық) пирамиданың құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету, яғни тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке тұлғалардың ақшасын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған.

ҚК-нің 11-бабының 4-бөлігінің талабына сәйкес сотталушы ҚК-нің 217-бабының 3-бөлігінің 2) тармағымен сараланған іс-әрекеті ауыр қылмыс деп танылады.

Сот, ҚК-нің 53-бабының талабына сәйкес сотталушының жас балаларының болуы қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-



жайы деп таниды, ҚК-нің 54-бабының талабына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайы жоқ деп табады.

Жаза тағайындауда сот ҚК-нің 52 бабының ережелерін ескеріп, сотталушы А.О.Пірмаханованың, жеке басын, қылмыстық жауапкершілікке алғаш рет тартылып отырғанын, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайын, қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайының болмауын, 25 жәбірленушілерге келтірілген материалдық залалдардың орнының толтырылмағанын, кешірім бермеуін ескереді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 1-тармағына сәйкес, сот қылмыстық жаза тағайындаған кезде, ҚК-нің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтай отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайдың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін, қылмыспен келтірілген мүліктік залал өндірілмегенін, талапкерлердің талап ететінін ескере отырып, сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеп, қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, тағайындалған жазаның түзелуіне ықпалын ескеріп, оған бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауға жатады деп есептейді.

ҚК-нің 50-бабы 1), 2-бөліктерінің талаптарына сәйкес сотталушыға қосымша жаза ретінде азаматтардың ақшалай қаражатын және инвестицияларды тартумен байланысты қызметпен айналысу құқығынан айыру белгіленуге жатады.

ҚК-нің 48-бабының 1-бөлігінің талабына сәйкес сотталған адамның меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік анықталмауына байланысты жазаның мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазасын тағайындауға жатпайды.

ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігі 1) тармағының талабына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде: осы Кодекстің 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген, күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталған адамдарға өтеу тағайындалады.

ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігінің 2) тармағының талабына сәйкес жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің ауыр қылмыс жасаған кезде - үштен екісінен асыруға болмайды.

Сотталушы А.Пірмаханованың «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылуға жатады.



ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 1) тармағының талабымен бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуге тағайындалуға жатады.

ҚК-нің 62 бабының 3 бөлігі 3) тармағына сәйкес, А.Пірмаханованың 27.10.2023 жылдан үкім заңды күшіне енгенге дейін «күзетпен ұстау» уақыты жазаны өтеудің екі күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылуы тиіс.

Қылмыстық іспен бірге азаматтық талапкерлер қылмыспен келтірілген мүліктік залалдарды азаматтық жауапкерден өндіруге талап арыздарын берген.

Азаматтық талапкерлер басты сот талқылауында талаптарын қуаттап, талап арыздарында көрсетілген қылмыспен келтірілген мүліктік залалды толық өндіруді, талап арыздарын толық қанағаттандыруды көрсетіп түсінік берді.

Қазақстан Республикасының АҚ-нің 917-бабының 1-бөлігінің талабына сәйкес азаматтардың және заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген мүліктік не мүліктік емес зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс.

Сот, азаматтық жауапкер А.Пірмахановадан азаматтық талапкерлер М.Әуезованың пайдасына 1 474 214(бір миллион төрт жүз жетпіс төрт мың екі жүз он төрт) теңге, К.Сейткасымованың пайдасына 2489 000(екі миллион төрт жүз сексен тоғыз мың) теңге, Б.Мырзабектің пайдасына 1 500 000(бір миллион бес жүз мың) теңге, Б.Молдахожаеваның пайдасына 795 000 (жеті жүз тоқсан бес мың)теңге, Г.Ақбаеваның пайдасына 750 000(жеті жүз елу мың) теңге, А.Есмаганбетовтің пайдасына 1 070 000(бір миллион жетпіс мың) теңге, Н.Қапашовтың пайдасына 1 981 249(бір миллион тоғыз жүз сексен бір мың екі жүз қырық тоғыз) теңге, Г.Шайманованың пайдасына 450 000(төрт жүз елу мың) теңге, Д.Төкеннің пайдасына 2670 000 (екі миллион алты жүз жетпіс мың)теңге, М.Алимбетованың пайдасына 4 218 350 (төрт миллион екі жүз он сегіз мың үш жүз елу ) теңге, А.Серикбаеваның пайдасына 2 323 000 (екі миллион үш жүз жиырма үш мың) теңге, А.Қарабековтің пайдасына 2 810 000(екі миллион сегіз жүз он мың) теңге, Ш.Жүнісбековтің пайдасына 1 550 000 (бір миллион бес жүз елу мың)теңге, Д.Жұмабаевтың пайдасына 900 000 (тоғыз жүз мың) теңге, Р.Сарузенованың пайдасына 880 000 (сегіз жүз сексен мың) теңге, Э.Есмаганбетованың пайдасына 400 000 (төрт жүз мың) теңге, А.Балабаеваның пайдасына 4 829 405(төрт миллион сегіз жүз жиырма тоғыз мың төрт жүз бес) теңге, А.Даутбаеваның пайдасына 1 040 000 (бір миллион қырық мың)теңге, Н.Сарманның пайдасына 5 009 000(бес миллион тоғыз мың) теңге, Б.Жайбергенованың пайдасына 700 000(жеті жүз мың) теңге, А.Шахаеваның пайдасына 790 000(жеті жүз тоқсан мың) теңге, Р.Атымтаеваның пайдасына 4 520 000(төрт миллион бес жүз жиырма мың) теңге, А.Асылбекұлының пайдасына 550 000(бес жүз елу мың) теңге, А.Әнуарбектің пайдасына 4 062 000 (төрт миллион алпыс екі мың) теңге, М.Жұмабаеваның пайдасына



3734 000( үш миллион жеті жүз отыз төрт) теңге қылмыспен келтірілген мүліктік залал, мемлекет пайдасына 514952 (бес жүз он төрт мың тоғыз жүз елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады деп есептейді.

Азаматтық жауапкерге азаматтық талап бойынша соттың үкімі заңды күшіне енгеннен кейін бір ай өз еркімен орындау мерзімі белгіленуге, орындалмаған жағдайда көрсетілген мерзім өткеннен кейін сот үкімі азаматтық талап бөлігінде мәжбүрлеп орындауға жіберілуге жатады.

Сотталушы А.Пірмахановадан мемлекет пайдасына сот-медициналық сараптамасын жүргізуге жұмсалған 840 (сегіз жүз қырық) теңге процестік шығын өндірілуі тиіс.

ҚК-нің 98-2-бабының 4) тармағының талабына сәйкес сотталушы А.Пірмахановадан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 69000 (алпыс тоғыз мың) теңге Жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлем өндірілуге жатады.

Заттай дәлелдемелер Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 118-бабының 3-бөлігінің талабына сай шешілуге жатады.

### **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

ҚПК-нің 387-390, 392-393, 395-398, 401-402-баптарын басшылыққа ала отырып, - **сот**

### **ҮКІМ ЕТТІ:**

Сотталушы Пірмаханова Аягөз Оразайханқызы Қазақстан Республикасының ҚК-нің 217-бабының 3-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылсын, оған азаматтардың ақшалай қаражатын және инвестицияларды тартумен байланысты қызметпен айналысу құқығынан 7 (жеті) жыл мерзімге айыра отырып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

Жаза өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептелсін.

Сотталушы Пірмаханова Аягөз Оразайханқызының «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 1) тармағының талабымен бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуге тағайындалсын.

ҚК-нің 62 бабының 3 бөлігі 3) тармағына сәйкес, сотталушы Пірмаханова Аягөз Оразайханқызының 27.10.2023 жылдан үкім заңды күшіне енгенге дейін «күзетпен ұстау» уақыты жазаны өтеудің екі күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылсын.

Азаматтық талапкерлердің талабы толық қанағаттандырылсын.

Азаматтық жауапкер Пірмаханова Аягөз Оразайханқызынан азаматтық талапкерлер М.Әуезованың пайдасына 1 474 214(бір миллион төрт жүз жетпіс төрт мың екі жүз он төрт) теңге, К.Сейткасымованың пайдасына 2489 000(екі миллион төрт жүз сексен тоғыз мың) теңге, Б.Мырзабектің пайдасына



1 500 000(бір миллион бес жүз мың) теңге, Б.Молдахожаяеваның пайдасына 795 000 (жеті жүз тоқсан бес мың)теңге, Г.Ақбаеваның пайдасына 750 000(жеті жүз елу мың) теңге, А.Есмаганбетовтің пайдасына 1 070 000(бір миллион жетпіс мың) теңге, Н.Қапашовтың пайдасына 1 981 249(бір миллион тоғыз жүз сексен бір мың екі жүз қырық тоғыз) теңге, Г.Шайманованың пайдасына 450 000(төрт жүз елу мың) теңге, Д.Төкеннің пайдасына 2670 000 (екі миллион алты жүз жетпіс мың)теңге, М.Алимбетованың пайдасына 4 218 350 (төрт миллион екі жүз он сегіз мың үш жүз елу) теңге, А.Серикбаеваның пайдасына 2 323 000 (екі миллион үш жүз жиырма үш мың) теңге, А.Қарабековтің пайдасына 2 810 000(екі миллион сегіз жүз он мың) теңге, Ш.Жүнісбековтің пайдасына 1 550 000 (бір миллион бес жүз елу мың)теңге, Д.Жұмабаевтың пайдасына 900 000 (тоғыз жүз мың) теңге, Р.Сарузенованың пайдасына 880 000 (сегіз жүз сексен мың) теңге, Э.Есмаганбетованың пайдасына 400 000 (төрт жүз мың) теңге, А.Балабаеваның пайдасына 4 829 405(төрт миллион сегіз жүз жиырма тоғыз мың төрт жүз бес) теңге, А.Даутбаеваның пайдасына 1 040 000 (бір миллион қырық мың)теңге, Н.Сарманның пайдасына 5 009 000(бес миллион тоғыз мың) теңге, Б.Жайбергенованың пайдасына 700 000(жеті жүз мың) теңге, А.Шахаеваның пайдасына 790 000(жеті жүз тоқсан мың) теңге, Р.Атымтаеваның пайдасына 4 520 000(төрт миллион бес жүз жиырма мың) теңге, А.Асылбекұлының пайдасына 550 000(бес жүз елу мың) теңге, А.Әнуарбектің пайдасына 4 062 000 (төрт миллион алпыс екі мың) теңге, М.Жұмабаеваның пайдасына 3734 000( үш миллион жеті жүз отыз төрт) теңге қылмыспен келтірілген мүліктік залал, мемлекет пайдасына 514952 (бес жүз он төрт мың тоғыз жүз елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Азаматтық жауапкерге азаматтық талап бойынша соттың үкімі заңды күшіне енгеннен кейін бір ай өз еркімен орындау мерзімі белгіленсін, орындалмаған жағдайда көрсетілген мерзім өткеннен кейін сот үкімі азаматтық талап бөлігінде мәжбүрлеп орындауға жіберілсін.

Заттай дәлелдемелер 21-дана «DVD-R» дискілер, сотталушы А.О.Пірмаханованың сотқа ұсынған құжат көшірмелері қылмыстық іспен бірге сақтауда қалдырылсын.

Сотталушы Пірмаханова Аягөз Оразайханқызынан мемлекет пайдасына сот-медициналық сараптамасын жүргізуге жұмсалған 840 (сегіз жүз қырық) теңге процестік шығын өндірілсін.

ҚК-нің 98-2-бабының 4) тармағының талабына сәйкес сотталушы Пірмаханова Аягөз Оразайханқызынан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 69000 (алпыс тоғыз мың) теңге Жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Үкімге апелляциялық шағымдар, прокурордың өтінішхаты осы сот арқылы үкім жарияланған күннен бастап 15 (он бес) тәулік ішінде, ал күзетпен ұсталатын сотталғанмен өзіне үкім көшірмесі табыс етілген күннен бастап дәл сондай мерзімде, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.



Судья:

**К.Еспенбетова**

